ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

КІР ЖУУ МАШИНАСЫ



Орнатуды бастау алдында осы нұсқауларды мұқият оқыңыз. Бұл орнатуды жеңілдетеді және өнімнің дұрыс және қауіпсіз орнатылуын қамтамасыз етеді. Орнатқаннан кейін болашақта пайдалану үшін бұл нұсқауларды өнімнің жанына қойыңыз.

KK ҚАЗАҚША

V5** **T5**** **V3****

V7** **T7**** **T3****

V9** **T9****


MFL69851128
Rev.08_180121

www.lg.com

Copyright © 2019 - 2021 LG Electronics Inc. All Rights Reserved

МАЗМҰНЫ

Осы нұсқаулықта сіз сатып алған модельге қатысы жоқ кескіндер немесе материалдар кездесуі мүмкін.
Модель атауы ашылымының үлгісі:



"*" Үлгі атауында A-дан Z-ға дейінгі әріп, 0-ден 9-ға дейінгі сан, немесе белгі жоқ екенін білдіреді.
Өндіруші нұсқаулықтың мазмұнына өзгерістер енгізуі мүмкін.

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ 3
Ескі жабдықты жою 8

ОРНАТУ 9
Бөлшектер мен техникалық сипаттамалары 9
Орнату орнына қойылатын талаптар 11
Құрылғыны қаптамасынан шығару 13
Құрылғының деңгейін туралау 14
Су келтіру шлангісін қосу 15
Ағызу шлангісін орнату 17

ПАЙДАЛАНУ 18
Кір жуу машинасын пайдалану 18
Жуу жүктемесін дайындау 18
Жуғыш құралдар мен жұмсартқыштарды қосу 20
Басқару панелі 22
Бағдарлама кестесі 25
Қосымша опциялар мен функциялар 30

СМАРТ ФУНКЦИЯЛАРЫ 35
LG ThinQ қолданбасын пайдалану 35
Smart Diagnosis функциясын пайдалану 37

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ 39
Әр жуудан кейін тазалау 39
Құрылғыны жүйелі түрде тазалау 39

АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ 43
Қате туралы хабарлама 43
Ақауларды анықтау 45

КЕПІЛДІК 50

ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА БАРЛЫҚ НҰСҚАУЛАРДЫ ОҚЫҢЫЗ

Қауіпсіздік нұсқаулары өнімді қауіпті тудыра отырып пайдалану және дұрыс пайдаланбау салдарынан болатын қауіптер мен зақымдардың алдын алуға арналған.

Нұсқаулар төменде сипатталғандай «АБАЙЛАҢЫЗ» және «ЕСКЕРТУ» болып бөлінеді.

Қауіпсіздік хабарлары

⚠ Бұл таңба қауіп тудыратын жағдайлар мен жұмысты анықтау үшін көрсетіледі. Осындай таңбасы бар бөлімді мұқият оқып шығыңыз және қауіптің алдын алу үшін нұсқауларды орындаңыз.

⚠ **АБАЙЛАҢЫЗ**

Бұл нұсқаулар орындалмаған жағдайда ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін екенін білдіреді.

⚠ **ЕСКЕРТУ**

Бұл нұсқаулар орындалмаған жағдайда өнімнің аз деңгейде зақымдалуы мен бұзылуын білдіреді.

АБАЙЛАҢЫЗ

⚠ **АБАЙЛАҢЫЗ**

Құрылғыны пайдаланған кезде жарылу, өрт, өлім, тоқ соғу, зақымдау немесе адамды күйдіру қауіпінің алдын алу үшін мыналарды қоса негізгі қауіпсіздік шараларын қолданыңыз.

Үйдегі балалар

Бұл құрылғы физикалық мүмкіндігі мен ақыл-есі шектеулі немесе құрылғыға қатысты тәжірибесі мен білімі аз адамдарды (балаларды қоса) олардың қауіпсіздігіне жауапты адам қадағаламаған кезде немесе құрылғыны пайдалануға қатысты нұсқаулар берілмеген кезде пайдалануға арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнамауы қадағалануы қажет.

Еуропада пайдалану:

- Құрылғыны 8 жастан жоғары жастағы балалар мен физикалық мүмкіндігі мен ақыл-есі шектеулі және құрылғыға қатысты тәжірибесі мен білімі аз адамдар құрылғыны қауіпсіз қолдануға қатысты қадағалау мен нұсқаулар берілген кезде пайдаланады. Балалар құрылғымен ойнамауы керек. Тазалау мен пайдаланушы көрсететін қызметті балалар қадағалаусыз жасамауы керек.
- Үнемі бақылауда болмаса, 3 жастан кіші балаларды жақындатпаңыз.

Орнату

- Зақымдалған болса немесе зақымдалған сым не аша сияқты бөлшектері жетіспесе не сынған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғыны екі немесе одан көп адам абайлап көтеріп тасымалдауы қажет.
- Құрылғыны ылғал және шаң жерге орнатпаңыз. Құрылғыны кез келген сыртқы аймаққа, тікелей күн көзі, жел немесе жауын сияқты ауа райы жағдайларына ұшырайтын немесе нөлден төмен температуралы аймаққа орнатпаңыз немесе сақтауға қоймаңыз.
- Бөлінудің алдын алу үшін ағызу шлангісін бекем буыңыз.
- Қуат сымы зақымдалған немесе розетканың тесігі босап қалған болса, қуат сымын пайдаланбаңыз және өкілетті қызмет көрсету орталығымен байланысыңыз.
- Осы құрылғымен бірнеше розетканы, сондай-ақ ұзартқыш қуат кабелін немесе адаптерді жалғамаңыз.

- Бұл құрылғы есігінің толық ашылуына кедергі келтіретіндей құлыпталатын, сырғымалы есіктің немесе құрылғыға қарама-қарсы жағында ілмегі бар есіктің артына орнатылмауы тиіс.
- Бұл аспап жерге тұйықталуы керек. Ақаулық не апаттық жағдайында жерге тұйықтау электр тогы үшін ең аз қарсылық желісін қамтамасыз ету арқылы электр тогының соғу қаупін азайтады.
- Бұл құрылғы жабдықты жерге тұйықтау өткізгішіне ие қуат сымымен және жерге тұйықтау ашасымен жабдықталған. Қуат ашасы барлық жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес және жерге тұйықталған тиісті розеткаға жалғануы керек.
- Жабдықты жерге тұйықтау өткізгішін қате жалғау электр тогының соғу қаупіне себеп болуы мүмкін. Құрылғының жерге дұрыс тұйықталғанына сенімді болмасаңыз, білікті электрші немесе қызмет көрсету қызметкерімен тексеріңіз.
- Құрылғымен берілетін қуат ашасын өзгертпеңіз. Ол ашаға сәйкес келмесе, білікті электршінің көмегімен тиісті розетканы орнатыңыз.

Пайдалану

- Панельдерін бөлектеуге немесе құрылғыны бөлшектеуге тырыспаңыз.
- Құрылғыны қолдану мақсатында, басқару панеліне ешқандай өткір заттарды қолданбаңыз.
- Құрылғының қандай да бір бөлшегін жөндемеңіз немесе ауыстырмаңыз. Егер осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілмесе, барлық жөндеу және қызмет көрсету әрекеттерін білікті қызмет көрсету қызметкері орындауы қажет. Тек өкілетті зауыттық бөлшектерді пайдаланыңыз.
- Үй жануарлары сияқты жануарларды құрылғының ішіне салмаңыз.
- Құрылғының астындағы және айналасындағы аймаққа мамық, қағаз, шүберек, химикаттар т.б. сияқты жанғыш заттарды жақындатпаңыз.

- Бұл құрылғының есігін ашық қалдырмаңыз. Балалар есігіне асылып не ішіне өрмелеп кіріп, зақымдауы не жарақатқа себеп болуы мүмкін.
- Құрылғымен берілетін жаңа шлангіні немесе шлангілер жинағын пайдаланыңыз. Ескі шлангілерді қайта пайдалану судың ағуына, одан әрі мүліктің бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Жанғыш не жарылғыш заттармен (балауыздар, балауыз еріткіштері, май, бояу, бензин, майсыздандырғыш, құрғақ тазалау еріткіштері, керосин, бензин, дақ кетіргіш, скипидар, өсімдік майы, аспаздық майы, ацетон, спирт, т.б. сияқты) тазаланған, жуылған, малынған немесе шашыраған бұйымдарды салмаңыз, жумаңыз не кептірмеңіз. Қате пайдалану өртке не жарылысқа себеп болуы мүмкін.
- Жұмыс істеп тұрғанда құрылғыны ұстамаңыз. Барабанның толықтай тоқтауын күтіңіз.
- Су аққан жағдайда, тоқ көзінен ажыратып, LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының есігі ашық болғанда есікті төмен қарай қатты баспаңыз.
- Жоғары температуралы бағдарлама барысында есікті ұстамаңыз.
- Жанғыш газ бен жанғыш заттарды (бензин, жанармай, сұйылтқыш, мұнай, спирт т.б.) құрылғының қасында пайдаланбаңыз.
- Қыс мезгілінде су ағызу шлангісі не кіріс шлангісі қатып қалса, оны тек еріткеннен кейін пайдаланыңыз.
- Барлық жуу құралдарына, жұмсартқыштарға және ағартқыштарға балаларды жақындатпаңыз.
- Ашаны немесе құрылғыны басқару бөліктерін ылғал қолдармен ұстамаңыз.
- Қуат сымын артық бүкпеңіз не оған ауыр зат қоймаңыз.
- Осы машинада киімдерді немесе төсек жаймаларынан басқа, кілемдерді, алашаларды, аяқ киімдерді немесе үй жануарларының жабындарын не қандай да бір басқа заттарды жумаңыз.

- Бұл құрылғы тек үй жағдайындағы тұрмыстық мақсаттарға ғана пайдаланылуы тиіс және тасымалы түрде пайдаланылмауы қажет.
- Егер газ (изобутан, пропан, табиғи газ, т.б.) шығып жатса, құрылғыны немесе қуат ашасын ұстамаңыз және бөлмені дереу желдетіңіз.

Қызмет көрсету

- Кез келген ылғалды және шаңды толығымен кетірген соң, розетка саңылауына қуат ашасын қауіпсіз етіп жалғаңыз.
- Құрылғыны тазалаудың алдында, құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз. Басқару параметрлерін ӨШІРУЛІ күйіне немесе дайын күйіне орнатсаңыз, бұл құрылғыны қуат көзінен ажыратпайды.
- Оны тазалау үшін құрылғының ішіне не сыртына су бүркімеңіз.
- Құрылғыны тоқтан ешқашан қуат кабелінен тартып ажыратпаңыз. Әрқашан қуат ашасын мықтап ұстап, розеткадан тіке тартып алыңыз.

Пайдалану қауіпсіздік техникасы

- Өсімдік майы төгіліп кеткен заттар өрттің пайда болуына әкелу мүмкін. Сондықтан оларды құрғату барабанының ішіне салған дұрыс емес.
- Бензинмен, еріткішпен немесе басқа да оңай өрттенетін құралдармен тазартылған заттарды құрғату барабанына сағлған дұрыс емес. Тұрмыста қолданылатын оңай өрттенетін заттарға ацетон, ішуге жарамсыз спирт, бензин, керосин, дақтарды кетіруге арналған құралдар, скипидар, балауыз және балауызды кетіруге арналған құралдыр жатады.
- Құрамында көбікті резеңкесі бар (латексті көбікті резеңке) немесе резеңке тектес материалдарды құрғату барабанында жылу режимінде кептіруге болмайды. Көбікті резеңкелі материалдар өздігінен жануы мүмкін.

- Мата жұмсартқыштары немесе осындай тектес материалдар, ендірушімен ұсынылмаған болса, статикалық электр эффектісін болдырмау мақсатымен құрғату кезінде қолданбауы тиіс.
- Құрғату барабанына темір заттары бар киімдерді салмаған дұрыс. Темір заттар үзіліп барабанның зақымдануына әкелуі мүмкін.
- Душқа арналған қондырмалар немесе су өткізбейтін балалар жаялықтары сияқты заттарды барабанға салуға болмайды.
- Құрғату барабанына резеңкелі немесе көбікті резеңке салынған заттарды, жастықтарды, галоштерді, резеңкелі теннисті аяқ-киімдерді салуға болмайды.
- Барабанды кептіргішті, кептіру циклы біткенге дейін тоқтатпаңыз, немесе барлық заттар жедел түрде шығарылуы керек, және олар, жылу кету үшін, дұрыс бөлінуі керек.

Тастау

- Ескі құралды жоюдан бұрын ашаны шығарып алыңыз. Қате пайдаланудың алдын алу үшін аспаптың артындағы кабельді кесіп тастаңыз.
- Барлық бума материалдарын (мысалы, пластик қалталар мен пенопласт) балалардан алысқа тастаңыз. Бума материалдары тұншықтыруы мүмкін.
- Ішіне қамалып қалатын балаларға немесе кішкентай жануарларға төнетін қаупті болдырмау үшін, осы құрылғыны утилизациялау немесе тастау алдында есікті алып тастаңыз.

Ескі құрылғыны тастау




- Бұл сызылып тасталған дөңгелек қоқыс жәшігі қалдық электрлік және электрондық өнімдерді тұрмыстық қалдықтан бөлек тастау керектігін білдіреді.
- Ескі электр құрылғылары қауіпті заттарды қамтуы мүмкін, сондықтан ескі құрылғыны дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал жағымсыз салдарлардың алдын алуға көмектеседі. Ескі құрылғының басқа өнімдерді жөндеу үшін қайтадан қолдануға болатын және шектеулі ресурстарды сақтау үшін қайта өңдеуге болатын басқа да құнды материалды, бөліктерді қамтуы мүмкін.
- Өнімді сатып алған дүкенге апаруға болады немесе ең жақын өкілетті электрлік және электрондық жабдықтарды өңдеу орталығы туралы толық деректерді алу үшін жергілікті мемлекеттік қалдықтарды тастау кеңсесімен байланысыңыз. Еліңіз туралы ең жаңа мәліметтерді алу үшін www.lg.com/global/recycling сайтына өтіңіз.

Бөлшектер мен техникалық сипаттамалары

ЕСКЕРТПЕ


- Құрылғы сапасын жақсарту үшін көрінісі мен техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Алдыңғы көрініс



1. Басқару панелі
2. Ерітінді құралының мөлшерлеу тартпасы
3. Барабан
4. Есік
5. Қақпақ
6. Ағызу сорғысының сүзгісі
7. Ағызу тығыны
8. Реттелмелі тіреуіштер

Артқы көрініс



1. Қуат ашасы
2. Тасымалдау бұрандалары
3. Ағызу шлангісі

Аксессуарлар

* Алынған моделге байланысты аксессуарлар әр-түрлі болуы мүмкін



1. Салқын су келтіру шлангісі*
2. Сомын кілті
3. Тасымалдау бұрандасының саңылауларын жабуға арналған қақпақтар*
4. Ағызу шлангісін бекітуге арналған шынтақ кронштейні*

Техникалық сипаттамалар

Моделі	F*V*N***, F*V*W***, F*V*H***, F*T*N***, F*T*W***, F*T*H***	F*V*T***, F*V*E***, F*V*V*** F*T*T***, F*T*E***, F*T*V***
Сыйымдылығы	**6 кг, 6.5 кг, 7 кг**	**8 кг, 8.5 кг, 9 кг**
Электр қуаты	220 - 240 В~, 50 Гц	
Салмақ	62 кг	61 кг
Макс. Қуат	1700 Вт	2100 Вт
Рұқсат етілген су қысымы	50 - 800 кПА (0.5 - 8.0 кгс / см²)	
Қуатты үнемдеу класы	**A**	**A**


- Бу функциясы бар модельдер үшін қолданымды

Моделі	F*V*VG***, F*T*VG***	F*V*TG***, F*T*TG***
Сыйымдылығы	**9 кг (жуу) - 5 кг (кептіру)**	**8 кг (жуу) - 5 кг (кептіру)**
Электр қуаты	220 - 240 В~, 50 Гц	
Салмақ	67 кг	
Макс. Қуат	2100 Вт (жуу) - 1250 Вт (кептіру)	
Рұқсат етілген су қысымы	50 - 800 кПа (0.5 - 8.0 кгк / см²)	
Қуатты үнемдеу класы	**A**	

Моделі	F*V*HG***, F*T*HG***	F*V*NG***, F*T*NG***
Сыйымдылығы	**7 кг (жуу) - 4 кг (кептіру)**	**6 кг (жуу) - 4 кг (кептіру)**
Электр қуаты	220 - 240 В~, 50 Гц	
Салмақ	62 кг	
Макс. Қуат	1700 Вт (жуу) - 1250 Вт(кептіру)	
Рұқсат етілген су қысымы	50 - 800 кПа (0.5 - 8.0 кгк / см²)	
Қуатты үнемдеу класы	**B**	**C**

- Су келтіру көзіне қосу үшін кері ағынға ешқандай қосымша қорғаудың қажеті жоқ.
- Өнім сапасын жақсарту үшін көрінісі мен техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Өнім ені (Ені x Тереңдігі x Биіктігі)



Модельдер үшін: F*E***, F***T***, F***V*****

W	600	D	565	D''	1100
H	850	D'	615		

Модельдер үшін: F*N***, F***W***, F***H*****


W	600	D	455	D''	975
H	850	D'	495		

Орнату орнына қойылатын талаптар

Құрылғыны орнату алдында, құрылғының дұрыс орнатылғанына көз жеткізу үшін келесі ақпарат тексерілуі тиіс.

Орнату орны

- Құралды тегіс қатты еденге орнатыңыз. (Құрылғы астындағы рұқсат етілген еңіс - 1°)
- Құрылғының астындағы еденнің ойлы-қырлы жерлерін ағаш бөліктерін, картондарды немесе ұқсас материалдарды қойып, тегістемеңіз.
- Құрылғыны газ плитасының немесе көмір жағатын пештің арасына орнатуға мәжбүр болсаңыз, плитаға немесе пешке қарайтын жағы алюминий жұқалтырмен қапталған оқшаулағышты (850 X 600 мм) екі құрылғының арасына салыңыз.
- Құрылғы орнатылғанда, оның ақаулық жағдайында маманға оңай қолжетімді екендігін тексеріңіз.
- Құрылғыны орнатып, құрылғыны тұрақтандыру үшін берілген тасымалдау бұрандасының сомын кілті арқылы барлық төрт тіреуішін реттеңіз және құрылғының үстіңгі жағы мен асүй жұмыс бетінің арасында кем емес **5 мм** саңылау қалдырыңыз.
- Қосымша саңылау қабырға үшін лем емес **100 мм**, артқы, оң және сол жағы үшін **20 мм** болуы керек.



A	100 мм
B	5 мм
C	20 мм

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Бұл құрылғы тек үй жағдайындағы тұрмыстық мақсаттарға ғана пайдаланылуы тиіс және тасымалы түрде пайдаланылмауы қажет.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер құрылғы көтеріңкі жерге орнатылған болса, құлап кетуі қаупін жою үшін оны мықтап бекіту керек.

Ағаш едендер (аралық қабаттар)

Құрылғыны ағаш едендерге орнатқанда, құрылғының шамадан тыс дірілі мен тепе-теңсіздігіне жол бермеу үшін резеңке қақпақтарды пайдаланыңыз.

Дірілдің болуына жол бермеу үшін кемінде екі еден бағанына бұрандалармен бекітілген құрылғының әрбір аяғына кемінде 15 мм қалыңдықтағы резеңке қақпақтарды ❶ орналастыруды ұсынамыз.



- Егер мүмкін болса, құрылғыны едені әлдеқайда тұрақтырақ болатын бөлменің бір бұрышына орнатыңыз.
- Дірілді азайту үшін резеңке сақиналарды кигізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Резеңке қақпақтарды (Бөлшек № 4620ER4002B) LG Қызмет көрсету орталығынан сатып алуға болады.

Желдету

- Құрылғының айналасындағы ауа айналымына кілем, алаша т.б. кедергі болмайтынын тексеріңіз.

Қоршаған орта температурасы

- Мұздау температурасына дейін жету ықтималы бар бөлмелерге құрылғыны орнатпаңыз. Қатып қалған шлангілер қысыммен жарылуы мүмкін. Электрондық басқару құралының сенімділігі мұз қату температураларында нашарлауы мүмкін.
- Құрылғы қыс мезгілінде жеткізіліп, температура мұз қату деңгейінен төмен болса, құрылғыны пайдаланудан бұрын, оны бөлме температурасында бірнеше сағатқа қойыңыз.

Электр қосылымы

- Ұзартқышты не қос адаптерді пайдаланбаңыз.
- Пайдаланғаннан кейін әрқашан құрылғының ашасын ажыратып, су келетін көзді өшіріңіз.
- Ток сымы реттеулеріне сәйкес құрылғыны жерге тұйықталған розеткаға қосыңыз.
- Құрылғыны аша оңай қолжетімді болатындай етіп орналастырыңыз.
- Құрылғыны жөндеу білікті маман тарапынан орындалуы керек. Тәжірибесіз адам орындаған жөндеу жұмысы жарақатқа немесе қауіпті ақаулыққа себеп болуы мүмкін. LG Electronics қызмет көрсету орталығыңызға хабарласыңыз.
- Розетка құрылғының екі жағынан 1 метр қашықтықта болуы керек.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Аша барлық жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орнатылған және жерге тұйықталған тиісті розеткаға жалғануы керек.

ЕСКЕРТПЕ

- Бір розеткаға бірнеше құрылғыларды қоспаңыз.


Құрылғыны қаптамасынан шығару

Құрылғыны көбікті негізден көтеру

Бөлшектің сыртқы келбеті алынған моделге байланысты болады


1 Картон мен тасымалдау материалын алып тастағаннан кейін құрылғыны көбік негізден көтеріңіз. Барабан тірегінің ❶* (барлық моделдерде көрсетілмеген) негізбен бірге шығуын және құрылғының астында қалып қоймауын тексеріңіз.

2 Пенопласт негізді ❷ алып тастау үшін құрылғыны жатқызу керек болса, құрылғының қапталын әрқашан қорғаңыз және оны абайлап бүйірімен жатқызыңыз. Құрылғыны алдыңғы не артқы бетімен жатқызуға болмайды.



Болт қосылымдарын алып тастау


1 Төменгі екі тасымалдау болттарынан ❶ бастап, барлық тасымалдау болттарын сағат тіліне қарсы бағытта бұрау арқылы толығымен босату үшін сомын кілтін (беріледі) пайдаланыңыз.



2 Бұрандамаларды резеңке төлкелермен бірге, оларды аздап теңселтіп, сыртқа шығарып алыңыз.

3 Ұя қақпақшаларын орнатыңыз.

- Керек-жарақтар жинағына қосылған немесе артқы жағына бекітілген саңылау қақпақтарының орнын анықтаңыз. ❷.



ЕСКЕРТПЕ

- Тасымалдау бұрандаларын және қысқыштарды алып тастамау қатты діріл мен шуыл тудырып, кір жуу машинасының қалпына келтіру мүмкіндігінсіз зақымдалуы мүмкін. Тасымалдау бұрандаларымен жұмыс күйінде іске қосылуына жол бермеу үшін сым тасымалдау бұрандасы арқылы кір жуу машинасының артқы бөлігіне бекітіледі.

Құрылғының деңгейін туралау

Туралығын тексеру


Құрылғының үстіңгі бетінің жиектерін диагональді бағытта итерген кезде құрылғы жоғары не төмен қозғалмауы тиіс (екі бағытты да тексеріңіз). Егер үстіңгі бетін диагональді бағытта итерген кезде құрылғы шайқалса, оның табандарын қайта реттеңіз.


Аяқтарды реттеу және туралау

Құрылғы орнатылған кезде, құрылғы түзу және дәл тураланған болуы қажет. Құрылғы тиісті деңгейде туралanбаса және түзу болмаса, құрылғы зақымдалуы немесе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.


1 Еден түзу болмаса, реттелетін аяқтарды қажет болғанша бұраңыз.

- Аяқ астына ағаштан жасалған бұйымдарды және т.б. салмаңыз.
- Барлық төрт аяқтың орнықты болатынына және еденге тиіп тұратынына көз жеткізіңіз.






2 Тегістікті өлшейтін аспаптың ❶ көмегімен құрылғының дәл тегіс орналасқанын тексеріңіз.



3 Реттелетін аяқтарды құрылғының төменгі жағына қарсы сағат тіліне қарсы бұрап, бөгеткіш сомындармен ❷ бекітіңіз.



4 Құрылғының төменгі жағындағы барлық бөгеткіш сомындардың дұрыс бекітілгенін тексеріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Құрылғыны дұрыс орналастыру және тегіс етіп қою ұзақ, тұрақты және сенімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді.
- Құрылғы 100 % көлденең орналасып, тік қалыпта тұруы керек.
- Жүктеме әсерінен оның бұрыштары әрі-бері «шайқалмауы» керек.
- Құрылғы аяқтарының ылғалдануына жол бермеңіз. Әйтпесе бұл дірілді не шуды тудыруы мүмкін.

Сырғанауға қарсы қабаттарды пайдалану


Бұл мүмкіндік сатып алынған модельдерге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Егер құрылғыны тайғақ беткейге қойсаңыз, ол артық діріл әсерінен жылжуы мүмкін. Дұрыс емес орналастыру шу мен дірілдің әсерінен дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін. Мұндай жағдай орын алғанда, сырғанауға қарсы қабаттарды тегістеуші аяқтардың астына орнатып, деңгейді реттеңіз.

1 Сырғанауға қарсы қабаттарды бекіту үшін еденді тазалаңыз.
   - Бөгде заттар мен ылғалды кетіріп, тазалау үшін құрғақ шүберекті пайдаланыңыз. Егер ылғал сақталып қалса, сырғанауға қарсы қабаттар сырғанауы мүмкін.

2 Құрылғыны орнату орнына орналастырғаннан кейін деңгейді реттеңіз.

3 Сырғанауға қарсы қабаттардың жабысқақ бетін ❶ еденге қойыңыз.
   - Сырғанауға қарсы қабаттарды алдыңғы аяқтардың астына орнату ең тиімді әдіс болып табылады. Егер төсемдерді алдыңғы аяқтардың астына орналастыру қиын болса, оларды артқы аяқтарының астына қойыңыз.



4 Құрылғыны сырғанауға қарсы қабаттарға қойыңыз.
   - Сырғанауға қарсы қабаттардың жабысқақ жағын ❶ құрылғының аяқтарына бекітпеңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қосымша сырғанауға қарсы (MHK61866301) қабаттар LG Electronics қызмет көрсету орталығында қолжетімді.
- Қолдан жасалған төсемдерді, кілемдерді және т.б. пайдаланбаңыз.


Су келтіру шлангісін қосу

Қосылу бойынша ескертпе

- Су қысымы **50 кПа** және **800 кПа** (0,5 – 8,0 кгк/см²) арасында болуы керек. Егер су қысымы **800 кПа** -дан асатын болса, қысымды азайту құрылғысы орнатылуы керек.
- Барлық клапандардағы су келтіру шлангісін қатты бұрамаңыз.
- Шлангінің күйін мерзімді түрде тексеріп, қажет болса, ауыстырыңыз.


Су келтіру шлангісіндегі резеңке тығыздағышты тексеру

Су келтіру шлангілерімен бірге екі резеңке тығыздағыш ❶ беріледі. Олар судың ағып кетуін болдырмау үшін пайдаланылады. Кранға қосылымның мықты бекітілгеніне көз жеткізіңіз.



Шлангіні су кранына жалғау

Шланг қосылымын ¾" бұрандалы қосылысы бар су көзіне бекітіңіз.



ЕСКЕРТПЕ


- Су келтіру шлангісін су кранына жалғағаннан бұрын су жолдарындағы бөгде заттарды (лас, құм, жаңқалар және т.б.) шайып шығару үшін су кранын қосыңыз. Суды шелекке ағызыңыз және су температурасын тексеріңіз.
- Машинаны суға толтыру кезінде шу болған жағдайда(гидравликалық күш), су қысымын азайту үшін кранды сәл жабыңыз.

Көлденең кранды пайдалану

Көлденең кран



Ұзартылған кран




Төртбұрышты кран




Шлангіні құрылғыға жалғау

Құрылғынынң артқы жағында орналасқан суық су беру жалғағышына құбыршекті бекітіңіз.



ЕСКЕРТПЕ


- Қосылымды аяқтағаннан кейін су шлангіден ақса, аталған қадамдарды қайталап шығыңыз. Су беру үшін ең қарапайым кранды пайдаланыңыз. Кран төртбұрышты не тым үлкен болған жағдайда, кранды адаптерге енгізбес бұрын шектегіш планканы алып тастаңыз.
- Шлангінің бүгілмегеніне және қыстырылып қалмағанына көз жеткізіңіз.




Ағызу шлангісін орнату

Су ағызу шлангісі еденнен **100 см-ден** жоғары орналаспауы керек. Құрылғыдағы су ақпауы немесе баяу ағуы мүмкін.

- Суды ағызу шлангісін дұрыс бекіту еденді судың ағуынан қорғайды.



- Құбыршек кір жуу машинасының артқы жағында бекітілген. Ұстағыш пен құбыршекті ажыратуға болмайды. Бұл кір жуу машинасы жұмыс жасаған кезде өздігінен су ағуына әкеліп соғуы мүмкін.
- Егер суды ағызу шлангісі тым ұзын болса, оны құрылғыға қайта апармаңыз. Бұл қалыптыдан тыс шу тудырады.
- Суды ағызу шлангісін кранға орнатқан кезде оны кертікпен мықты бекітіңіз.



Кір жуу машинасын пайдалану

Бірінші рет жуудан бұрын, **Хлопок (Мақта)** жуу бағдарламасын таңдап, жуғыш құралдың жарты мөлшерін қосыңыз. Құрылғыны кір салмай іске қосыңыз. Бұл ақаулық барысында қалуы мүмкін барабандағы ықтимал қалдықтарды және суды кетіреді.

1 Жуылатын нәрселерді сұрыптап, жүктеңіз.
- Жуылатын нәрселерді мата түріне, ластану деңгейіне, түсіне және жүктеу көлемі бойынша сұрыптаңыз. Есігін ашып, жуылатын киімдерді кір жуу машинасына жүктеңіз.

2 Еріткішті немесе жұмсартқышты қосыңыз.
- Жуғыш құралдарын жуғыш затты құю бөліміне қосыңыз. Қаласаңыз, ағартқыш немесе матаны жұмсартқышты сәйкес бөлімдерге құйыңыз.

3 Құрылғыны қосыңыз.
- Құрылғыны іске қосу үшін **Қуат** түймесін басыңыз.

4 Қажетті циклді таңдаңыз.
- Бағдарлама таңдау батырмасына бірнеше рет басыңыз және керек бағдарлама таңдалғанша бағдарламалар Қосқышын бұраңыз.
- Енді жуу температурасын және айналдыру жылдамдығын таңдаңыз. Іске қосу/ Пауза батырмасы бірнеше уақыт бойы басылмаса, құрылғы өшіп қалады, ал таңдалған бағдарлама алынып тасталынады .

5 Циклді бастаңыз.
- Циклді бастау үшін **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз. Құрылғы жүктеме салмағын өлшеу үшін сусыз қысқа түрде шайқайды. Іске **Бастау/Кідірту** батырмасы бірнеше уақыт бойы басылмаса, құрылғы өшіп қалады, ал таңдалған бағдарлама алынып тасталынады

6 Циклдің соңы.
- Цикл аяқталған кезде, әуен дыбысы шығады. Киімдеріңізді мыжылуды азайту үшін құрылғыдан дереу алып тастаңыз. Жүктемені алу барысында есік тығыздауыштарында кіші элементтердің ілініп қалмауын тексеріңіз.

Жуу жүктемесін дайындау

Жақсы жуу нәтижелеріне қол жеткізу үшін кірді сұрыптап, содан кейін кірдің күтім белгілеріне сәйкес дайындаңыз.

Жуу жүктемесін сұрыптау

- Жақсы жуу нәтижесін алу үшін киіміңізді матаның түрі мен жуу температурасына қарай күту белгілеріндегі белгіге сәйкес сұрыптаңыз және оларды бейімделген сығу жылдамдығымен жуыңыз.
- Әр-түрлі маталар әр-түрлі температуралар және айналымдарда жуылады.
- Қою түсті киімдерді бозғылт және ақ киімдерден үнемі сұрыптап отырыңыз. Бояуы және талшықтары шығып, бұл ақ және бозғылт түсті киімдердің түсі өзгеруіне әкелетіндіктен, бөлек жуыңыз. Егер мүмкін болса, қою боялған киімдерді азырақ боялған киімдермен қосып жумаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Лас (қатты, орташа, жеңіл): Киімдерді кірленуіне қарай бөліңіз. Қалыпты және қатты ластанған киімдерді жуғанда **Интенсивная (Қарқынды)**опциясы тиімді болады.
- Түс (ақ, ашық, қою): Ақ түсті материалдарды түсті материалдардан бөліңіз. Алдымен жаңа қою және түсті киімдерді бөлек жуу керек.
- Талшық (талшық шығарушылар, жинаушылар): Талшық шығарушылар мен жинаушыларды бөлек жуыңыз.

Киімдерге күтім жасау белгілерін тексеру

Күтім жасау белгілеріндегі таңбалар

Таңбалар киім материалының құрамы және оның қалай жуылуы керектігі туралы ақпаратты береді.


Таңба	Жуу / мата түрі
	• Қалыпты жуу • Мақта, Аралас маталар
	• Қарапайым күтім • Синтетикалық, аралас маталар
	• Арнайы нәзік жуу • Нәзік маталар
	• Тек қолмен жуу • Жүн, жібек
	• Жууға болмайды

ЕСКЕРТПЕ

- Таңба астындағы сызықшалар матаның түріне және механикалық кернеудің максималды мөлшеріне қатысты ақпарат береді.

Киімдерді жүктеу алдында тексеру


- Жүктемедегі үлкен және кішкентай нәрселерді бөліңіз. Алдымен үлкен нәрселерді салыңыз.
- Үлкен нәрселер толық жуу жүктемесінің жартысынан көп болмауы керек. Бір киімді жумаңыз. Бұл жүктеменің дұрыс теңгерілмеуіне әкелуі мүмкін. Бір не екі бірдей элементті қосыңыз.
- Бос екеніне көз жеткізу үшін барлық қалталарды тексеріңіз. Шпилька, шаш қыстырғыш, сіріңке, қалам, тиын және кілт сияқты нәрселер құрылғыны да, киімдерді де зақымдауы мүмкін.




- Жуғыш торда нәзік режимде (шұлықтар, сүйегі бар кеудешелер) жуыңыз.
- Бұл заттардың басқа киімдерге тиіп кетуіне немесе шатастырылуына жол бермеу үшін сыдырма ілгектерді, ілмектерді және бауларды жабыңыз.
- Ластың шығарылуын жеңілдету үшін жуғыш құрал ерітілген аздаған сумен дақтың үстінен щеткамен тазалау арқылы лас пен дақтарды алдын ала өңдеңіз.
- Есік тығыздағышының қатпарларын тексеріңіз, қандай да болмасын кішкентай нәрселерді алып тастаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Кірдің есік пен тығыздағыш арасында қыстырылып қалмауын тексеріңіз, әйтпесе жуу кезінде кір зақымдалуы мүмкін.



- Киімнің және есік тығыздағышының зақымдалуына жол бермеу үшін иілгіш төсемнен нәрселерді алып тастаңыз.



Жуғыш құралдар мен жұмсартқыштарды қосу

Жуғыш құралдың мөлшері

- Жуғыш құрал оның өндірушісінің нұсқауларына сай пайдаланылып, материалдардың түсі мен ластануына және жуу температурасына сәйкес таңдалуы керек.
- Тым қатты көбіктенген жағдайда жуғыш құрал мөлшерін азайтыңыз.
- Егер жуғыш құрал тым көп пайдаланылса, су қатты көбіктеніп, киімнің дұрыс жуылмауына немесе моторға тым қатты жүктеме түсуіне әкелуі мүмкін.
- Егер сұйық жуғыш құралдарды пайдаланғыңыз келсе, жуғыш құрал өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.
- Егер жуу кезеңін дереу бастағалы жатсаңыз, сұйық жуғыш құралды негізгі жуғыш құрал мөлшерлеу тартпасына құя аласыз.
- Егер **Таймер (Соңын кідірту)** функциясы пайдаланылса немесе **Предв. стирка (Алдын ала жуу)** опциясы таңдалған болса, сұйық жуғыш құралды пайдаланбаңыз, себебі сұйықтық қатуы мүмкін.
- Су температурасы, су кермектігі, жүктеме мөлшері және оның ластану деңгейі бойынша жуғыш құралды пайдалану реттелуі керек. Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін тым қатты көбіктенуге жол бермеңіз.
- Жуғыш құрал мен су температурасын таңдамас бұрын, киімдердің затбелгісін қараңыз.
- Киімнің тиісті түрі үшін тек тиісті жуғыш құралдарды пайдаланыңыз:
  - Сұйық жуғыш құрал көбінесе арнайы бағдарламаларға арналған, мысалы: түсті мата, жүн, нәзік немесе қою түсті кір киімдер үшін.
  - Ұнтақталған жуғыш құрал матаның барлық түрлеріне жарайды.
  - Ақ және ақшыл киімдердің жақсы жуу нәтижесі үшін ағартқыш ұнтағы бар жуғыш құралды қолданыңыз.
  - Жуғыш құрал тиісті бөлімінен циклдің басында ағып кетеді.

ЕСКЕРТПЕ


- Жуғыш құралдың қатаюына жол бермеңіз. Бұл бітелуге, дұрыс шайылмауға немесе иістің болуына әкелуі мүмкін.
- Толық жүктеме : Өндіруші ұсыныстарына сәйкес лотокта көрстеілген).
- Жартылай жүктеме : қалыпты мөлшердің ¾ толық жүктеме.
- Ең аз жүктеме : толық жүктеменің ½ толық жүктеме.

Жуғыш құралды қосу

- Тек негізгі жууға арналған жуғыш құрал

❶ ⟶ 🧺

- Алдын ала жууға ❷ және негізгі жууға арналған жуғыш құрал ❶ ⟶ 🧺 ● 🧺




ЕСКЕРТПЕ

- Жуғыш құралдың тиісті мөлшерін пайдаланыңыз. Жуғыш құралдың, ағартқыштың немесе жұмсартқыштың тым көп болуы тасып төгілуге әкелуі мүмкін.
- **Предв. стирка (Алдын ала жуу)** опциясы таңдалса, мөлшерді алдын ала жуу үшін ⅓ көрсеткішінде және негізгі жуу үшін ⅔ көрсеткішінде бөліңіз.

Жуғыш құрал таблеткаларын қосу

Жуғыш құрал таблеткалары кір жуу кезінде де қолданылады.

1 Есікті ашып, жуғыш құрал таблеткаларын барабанға салыңыз.




2 Жуылатын киімді барабанға салып, есігін жабыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Таблеткаларды мөлшерлеу тартпасына салмаңыз.

Материал жұмсартқышты қосу

- Максималды толтыру сызығынан аспаңыз. Толып кету материал жұмсартқыштың ерте таралып, киімдерге дақ түсіруіне әкелуі мүмкін. Мөлшерлеуіш тартпасын ақырын жабыңыз.



- Материал жұмсартқышты жуғыш құрал бөлімінде 2 күннен аса қалдырмаңыз (материал жұмсартқышы қатайып кетуі мүмкін).
- Жұмсартқыш соңғы шаю циклінде автоматты түрде қосылады.
- Су беріліп жатқан кезде тартпаны ашпаңыз.
- Еріткіштер (мыс., бензин, т.б.) пайдаланылмауы қажет.

ЕСКЕРТПЕ

- Кірге арналған жұмсартқышты киімге тікелей құймаңыз, себебі ол киіміңізде дақтардың пайда болуына алып келуі мүмкін.

Су жұмсартқышын қосу


Суды жұмсаруға арналған құралдар, мысалы, қақты болдырмауға арналған құралдар, жууға арналған құралдарды азайту мақсатында кермек суы бар аймақтарда пайдаланылуы мүмкін.

- Жууға арналған құралды, одан соң жұмсартқышты қосыңыз. Қаптамада көрсетілген мөлшерді пайдаланыңыз.

Басқару панелі

- Панель суреті бейнеленген жер, пішін басқармасынан ажыратылуы мүмкін

Бу функциясы бар модельдер үшін қолданымды:




Бу функциясы бар модельдер үшін қолданымды:





Кептіру және бу функциялары бар модельдерге арналған:





Басқару панелінің мүмкіндіктер

❶ **Қуат түймесі**

- Құрылғыны қосу немесе өшіру үшін **Қуат** түймесін басыңыз.

❷ **Бағдарлама тұтқасы**

- Бағдарламалар жуылатын кір түріне сәйкес қолжетімді.
- Таңдалған бағдарламаны көрсету үшін шам жанады.

❸ **Бастау/Кідірту түймесі**

- Іске **Бастау/Кідірту** батырмасы жуу циклін қосуға немесе тоқтатуға арналған.
- Егер кір жуу циклін тоқтату керек болса, Іске **Бастау/Кідірту**батырмасын басыңыз. Егер Іске **Бастау/Кідірту** батырмасын бірнеше уақыт ішінде.

❹ **Қосымша опциялар мен функциялар**

- Кір жуу тиімділігін арттыруға арналған қосымша опциялар мен функциялар бар. Бірнеше опциялар мен функцияларды реттеуге болады.
- Қосымша функцияларды пайдалану үшін сәйкес түймесін 3 секунд басып тұрыңыз. Дисплейде тиісті таңба жанады.
- **Удаленный старт (Қашықтан іске қосу)** функциясын пайдалану үшін **СМАРТ ФУНКЦИЯЛАР** бөлімін қараңыз.
- Бұл қосымша бағдарламаны таңдауға мүмкіндік береді және таңдалған кезде жанады.
  - : Бірнеше шаю режимдері қосылғанда, бұл белгіше жанады.
  - : Қатты ластанған кір қарқынды түрде жуылған кезде, бұл белгіше жанады.
  - : Бұл белгіше құрылғы WLAN желісіне қосылғанда жанады.
  - : Осы белгі жанғанда, құрылғы кірді турбо жуу функциясымен жуады.
  - : Қатты ластанған кір жуылған кезде, осы белгіше жанады.
  - : Осы белгі жанғанда, жуу циклі барысында кір салуға немесе алып тастауға болады.

❺ **Дисплей**

- Дисплей параметрлерді, есептелген қалған уақытты, опцияларды және күй хабарларын көрсетеді. Құрылғы іске қосылғанда, дисплейдегі әдепкі параметрлер шамы жанады.
  - 18:88: Бағдарлама таңдалғанда, таңдалған бағдарламаның әдепкі уақыты көрсетіледі. Таңдалған опцияға байланысты әдепкі уақытты өзгертуге болады.
  - : Кір жуылып жатқанда, бұл белгіше жанады.
  - : Жуу бағдарламасы аяқталған соң кір шайылып жатқанда, бұл белгіше жанады.
  - : Кірдегі суды кетіру үшін кір айналып жатқанда, бұл белгіше жанады.
  - : Бұл белгіше жанғанда, есік ашылмайды.
- Дыбыс сигналын қосу/сөндіру үшін бір уақытта "Дыбыстық сигнал қосу/сөндіру" батырмалар комбинациясын үш секунд ішінде басып тұрыңыз.

❻ **AI DD**

- AI DD қажетті жуу мен айналдыруды қамтамасыз етеді.
- **Хлопок (Мақта)**, **Смешанная (Аралас мата)** және **Повседневная (Қарапайым күтім)** бағдарламалары таңдалғанда іске қосылады және осы таңдалған бағдарламалар қолданылған кезде жұмыс істейді
- Бұл параметр барлық жуу режимінде бола бермейді**.**

Бағдарлама кестесі

Кір жуу бағдарламасы (модельге байланысты)

Бағдарлама	Хлопок (Мақта)		
Сипаттама	Түрлі барабан қозғалыстарын пайдалана отырып, жақсырақ жұмыспен қамтамасыз етеді Жылдам жуылатын түсті киімдер (жейделер, іш көйлек, пижамалар т.б.) және қалыпты ластанған мақта жүктеме (іш киім) үшін пайдаланылады.		
Әдепкі қалпы бойынша температура	40 °C (салқыннан 95 °C дейін)	**Максималды жүктеу**	Бағалау
Макс. айналдыру жылдамдығы			Максималды

Бағдарлама	Хлопок+(Мақта+)		
Сипаттама	Азырақ қуатты пайдалана отырып, көп киімді оңтайлы жууға мүмкіндік береді. Жылдам жуылатын түсті киімдер (жейделер, іш көйлек, пижамалар т.б.) және қалыпты ластанған мақта жүктеме (іш киім) үшін пайдаланылады.		
Әдепкі қалпы бойынша температура	60 °C (салқыннан 60 °C дейін)	**Максималды жүктеу**	Бағалау
Макс. айналдыру жылдамдығы			Максималды

Бағдарлама	TurboWash 59 (Турбожуу 59)		
Сипаттама	Жуу өнімділігіне және мата күтіміне зиян келтірместен бүкіл циклды 59 минут ішінде аяқтайды. Арнайы киімдерді қоспағанда түрлі материалдар түрлерін (жібек/нәзік, спорттық киімдер, қою түсті киімдер, жүн, мамық/перделер) пайдаланыңыз.		
Әдепкі қалпы бойынша температура	40 °C (салқыннан 60 °C дейін)	**Максималды жүктеу**	5 кг
Макс. айналдыру жылдамдығы			Максималды

Бағдарлама	Смешанная (Аралас мата)		
Сипаттама	Түрлі материалдардың бір мезгілде жуылуына мүмкіндік береді. Арнайы киімдерді қоспағанда түрлі материалдар түрлерін (жібек/нәзік, спорттық киімдер, қою түсті киімдер, жүн, мамық/перделер) пайдаланыңыз.		
Әдепкі қалпы бойынша температура	40 °C (салқыннан 60 °C дейін)	**Максималды жүктеу**	4 кг
Макс. айналдыру жылдамдығы			Максималды

Бағдарлама	Очистка барбана (Науа тазалау)
Сипаттама	Бұл құрылғыңыздың ішкі жағын тазалауға арналған арнайы функция**.**

* Мақта 95°C бағдарламасында барабанның стандартты қозғалыс режимі қолданылады.

Бағдарлама	Повседневная (Қарапайым күтім)		
Сипаттама	Жуғаннан кейін үтіктеуді қажет етпейтін іш көйлектерге арналған. Полиамид, акрил, полиэстер үшін пайдаланыңыз.		
Әдепкі қалпы бойынша температура	40 °C (салқыннан 60 °C дейін)	**Максималды жүктеу**	4 кг
Макс. айналдыру жылдамдығы			Максималды

Бағдарлама	Бесшумная (Дыбыссыз жуу)		
Сипаттама	Шуыл мен діріл аз болады және түнгі токты пайдалану арқылы ақшаны үнемдейді. Түсті жылдам жуылатын киімдер (жейделер, іш көйлек, пижамалар т.б.) және жеңіл ластанған ақ мақта киімдер (іш киім) үшін пайдаланыңыз		
Әдепкі қалпы бойынша температура	40 °C (салқыннан 60 °C дейін)	**Максималды жүктеу**	5 кг
Макс. айналдыру жылдамдығы			1000 айн / мин

Бағдарлама	Гипоаллергенная (Аллергиялық күтім көрсету)		
Сипаттама	Үй кенелері, тозаң және тері сияқты аллергендерді алып тастауға көмектеседі. Үй кенелері, тозаң және тері сияқты аллергендерді алып тастауға көмектеседі.		
Әдепкі қалпы бойынша температура	60 °C	**Максималды жүктеу**	4 кг
Макс. айналдыру жылдамдығы			Максималды

Бағдарлама	Деликатная (Нәзікматалар)		
Сипаттама	Іш киім, кеудеше және т.б. сияқты нәзік киімдерге арналған		
Әдепкі қалпы бойынша температура	20 °C (салқыннан 40 °C дейін)	**Максималды жүктеу**	3 кг
Макс. айналдыру жылдамдығы			800 айн / мин

Бағдарлама	Шерсть (Жүн)		
Сипаттама	Жуылатын жібек, іш киімдер, көйлектер, т.б. сияқты қолмен және кір жуу машинасымен жуылатын нәзік киімдер үшін (Кір жуғыш машинамен жуылатын жүн маталарға арналған жуғыш құралды пайдаланыңыз). Жүн, жібек, қолмен жуылатын киімдер, нәзік, оңай зақымдалатын киімдер үшін пайдаланыңы		
Әдепкі қалпы бойынша температура	30 °C (салқыннан 40 °C дейін)	**Максималды жүктеу**	2 кг
Макс. айналдыру жылдамдығы			800 айн / мин

Бағдарлама	Спортивная (Спорттық киім)		
Сипаттама	Спорт пен сыртқы киім сияқты арнайы киімдерге арналған. Coolmax, gore-tex, түкті мата және sympatex үшін пайдаланыңыз.		
Әдепкі қалпы бойынша температура	40 °C (салқыннан 40 °C дейін)	Максималды жүктеу	3 кг
Макс. айналдыру жылдамдығы			800 айн / мин

Бағдарлама	Быстро 14 (Жылдамдық 14)		
Сипаттама	Аздаған жүктемелерді және жеңіл ластанған киімдерді жылдам жууға мүмкіндік береді.		
Әдепкі қалпы бойынша температура	20 °C (20 °C – 40 °C)	Максималды жүктеу	2 кг
Макс. айналдыру жылдамдығы			Максималды

Бағдарлама	Пуховые вещи (Мамық)		
Сипаттама	Төсек жабындылары, жастық тыстар, диван жабындылары, т.б. сияқты үлкен элементтер үшін. Мақта төсек заттары үшін пайдаланыңыз, толтырғыштары бар арнайы киімдерді қоспағанда: жамылғылар, жастықтар, көрпелер, жеңіл толтырылған диван тыстары.		
Әдепкі қалпы бойынша температура	Салқын (салқыннан 40 °C дейін)	Максималды жүктеу	2.5 кг (1 белік кір)
Макс. айналдыру жылдамдығы			1000 айн / мин

Бағдарлама	Детская одежда (Балалар киімі)		
Сипаттама	Қатып қалған және ақуыз дақтарын алып тастайды, үздік шаю өнімділігін қамтамасыз етеді. Жеңіл ластанған сәби киімі.		
Әдепкі қалпы бойынша температура	60 °C	Максималды жүктеу	3 кг
Макс. айналдыру жылдамдығы			1000 айн / мин

Бағдарлама	Быстро 30 (Жылдамдық 14)		
Сипаттама	Азғантай кірленген кішігірім кірді тез жуу үшін арналған. Мақта және мақта-маталық маталалар үшін пайдаланылады.		
Әдепкі қалпы бойынша температура	20 °C (салқыннан 40 °C дейін)	Максималды жүктеу	4 кг
Макс. айналдыру жылдамдығы			Максималды

Бағдарлама	Моя программа (Жүктеу циклі)
Сипаттама	**Моя программа (Жүктеу циклі)** бағдарламасы кір жуғыш машинаға смартфонмен жаңа және арнайы жуу бағдарламаларын жүктеп алуға мүмкіндік береді. Әдепкі бағдарлама **Полоскание (Шаю) + Отжим (Айналдыру.)**

Бағдарлама	Полоск.+ Отжим		
Сипаттама	Тек шаюды қажет ететін кір үшін немесе кірге шаю қосылған мата жұмсартқышты қосу үшін пайдаланыңыз.		
Әдепкі қалпы бойынша температура	-	Максималды жүктеу	Бағалау
Макс. айналдыру жылдамдығы			Максималды

Кептіру бағдарламаларының кестесі

Бағдарлама	Стандартная
Сипаттама	Мақта матаны кептіру циклі кезінде энергия тұтынуды және уақытты үнемдейді. Мақта-мата немесе зығыр маталар үшін, мысалы мақта орамалдар, футболкалар үшін пайдаланылады.
Максималды жүктеу	Бағалау

Бағдарлама	Для глажки
Сипаттама	Азғана сулы киімдерді кептіру үшін, үтіктеуге келеді. Бағдарлама соңында үтіктеуге дайын, мақта-мата немесе зығыр маталар үшін қолданылады.
Максималды жүктеу	Бағалау

Бағдарлама	Деликатная
Сипаттама	Киімдердің зақымдалуын азайту мақсатында төмен температураларда үтіктеу үшін келеді. Синтетикадан жасалған заттарға күтім жасау үшін арналған.
Максималды жүктеу	3.5 кг

Бағдарлама	Норма Эко
Сипаттама	Мақта-мата немесе зығыр маталар үшін, мысалы мақта орамалдар, футболкалар.
Максималды жүктеу	Бағалау

Бағдарлама	Стирка+ сушка		
Сипаттама	Бір цикл кезінде кір жуу және кептіру үздіксіз процессін қамтамасыз етеді. Кептірілуі керек, кішігірім кір үшін қолданылады.		
Әдепкі қалпы бойынша температура	40 °C (салқыннан 95 °C дейін)	Максималды жүктеу	Бағалау
Макс. айналдыру жылдамдығы			Максималды

Бағдарлама	Сушка		
Сипаттама	Көпшілік киімдерді кептіру үшін қолданылады. Кептірудің неғұрлым тиімділігі үшін, кірдің біркелкі матасын және қалыңдығын тексеріңіз		
Әдепкі қалпы бойынша температура	-	**Максималды жүктеу**	Бағалау
Макс. айналдыру жылдамдығы			Максималды

Бағдарлама	Кептіру уақыты 30 мин.	Кептіру уақыты 60 мин	Кептіру уақыты 120 мин
Сипаттама	Максималды жүктемеге байланысты кептіру уақытын өзгерте аласыз.		
Максималды жүктеу	1 кг	2 кг	4 кг

- «Әдепкі қалпы бойынша температура» жолағындағы жақшада қолжетімді температуралық режимдер туралы ақпарат бар.
- Моделге байланысты температура әр-түрлі болуы мүмкін. Іс жүзінде су температурасы цикл температурысынан өзгеше болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер шамадан тыс көп жүктеме болса, діріл пайда болып, кір жуу машинасы зақымдалуы мүмкін.
- Қажетті бағдарламалар үшін тиісті жуу температурасын және айналдыру жылдамдығын таңдаңыз.
- Жуу кезінде әрқашан киіміңізге күтім көрсету таңбасына назар аударыңыз.
- Нақты максималды айналдыру жылдамдығы модельге, бағдарламаға және жүктеме шарттарына байланысты өзгеруі мүмкін.
- Бейтарап жуғыш құралын қолдануға кеңес беріледі.
- Сынақ нәтижелері су қысымына, су кермектігіне, судың кіріс температурасына, бөлме температурасына, жүктеме түрі мен мөлшеріне, ластану жойылған жуу құралының градусына, негізгі электр желісіндегі тербеліске және таңдалған қосымша опцияларға байланысты.
- Жуу кезінде әрқашан киіміңізге күтім көрсету таңбасына назар аударыңыз.
- **Кептіру функциясы бар модельдер үшін қолданымды:**
- Киімнің рұқсат етілетін максималды салмағы рұқсат етілетін кептіру салмағынан аспаса, бір үздіксіз бағдарламамен жуу және кептіру процесін орындаған жөн.
- Лотокты бу функциясы Детская одежда, Гипоаллергенная ережеде алдын ала кір жууда қолданбаңыз.

Қосымша опциялар(модельге байланысты)

Бу функциясы бар модельдер үшін қолданымды Steam™, Turbo Wash:**V7****,**T7****, **T9****,**V9****:

Программа	Интенсивная	Полоскание+	Turbo Wash	Предв. стирка	Таймер	Добавить белье	Удаленный старт**
Хлопок	●	●	●	●	●	●	●
Хлопок+	—	●	●	●	●	●	●
TurboWash 59	—	●	●*	●	●	●	●
Смешанная	●	●	●	●	●	●	●
Повседневная	●	●	●	●	●	●	●
Гипоаллергенная	●	●	—	—	●	●	●
Детская одежда	●	●	—	—	●	●	●
Деликатная	●	●	●	—	●	●	●
Шерсть	●	●	—	—	●	●	●
Спортивная	●	●	●	—	●	●	●
Быстро 14	—	●	●*	—	●	●	●
Пуховые вещи	●	●	●	—	●	●	●
Очистка барабана							
Моя программа	—	●	—	—	●	●	●

Кептіру функциясы бар модельдер үшін қолданымды: **V5****,**T5****.

Программа	Интенсивная	Полоскание+	Сушка	Таймер	Добавить белье	Предв. стирка	Удаленный старт**
Хлопок	●	●	●	●	●	●	●
Хлопок+	—	●	●	●	●	●	●
Смешанная	●	●	●	●	●	●	●
Повседневная	●	●	●	●	●	●	●
Бесшумная	●	●	●	●	●	—	●
Гиппоаллергенная	●	●	●	●	●	—	●
Детская одежда	●	●	●	●	●	—	●
Деликатная	●	●	—	●	●	—	●
Шерсть	●	●	—	●	●	—	●
Быстро 30	●	●	●	●	●	●	●
Сушка	—	—	●*	●	●	—	●
Стирка+Сушка	●	●	●*	●	●	●	●
Очистка барабана							
Моя программа	—	●	●	●	●	—	●

Бу функциясы бар модельдер үшін қолданымды Steam™: **V3***, **T3***, **V5***,**T5****.

Программа	Интенсивная	Полоскание+	Предв. стирка	Таймер	Добавить белье	Удаленный старт**
Хлопок	●	●	●	●	●	●
Хлопок+	—	●	●	●	●	●
Смешанная	●	●	●	●	●	●
Повседневная	●	●	●	●	●	●
Бесшумная	●	●	—	●	●	●
Гипоаллергенная	●	●	—	●	●	●
Детская одежда	●	●	—	●	●	●
Деликатная	●	●	—	●	●	●
Шерсть	●	●	—	●	●	●
Спортивная	●	●	—	●	●	●
Быстро 30	●	●	●	●	●	●
Пуховые вещи	●	●	—	●	●	●
Очистка барабана						
Полоск. + Отжим	—	●	—	●	●	●
Моя программа	—	●	—	●	●	●

* Бұл опция бағдарламаға автоматты түрде қамтылған және таңдалмауы мүмкін емес.
**: Қосымшаны үш секунд ішінде басып тұрып қосу тиіс.

• **Удаленный старт** функциясы модельдерге қол жетімді емес **V3****, **T3****.

Қосымша опциялар мен функциялар (модельге байланысты)

Бағдарламаларды реттеу үшін қосымша опциялар мен функцияларды пайдалануға болады.

Turbo Wash (Турбо жуу) (🌀)

Бұл опция су мен қуатты үнемдейтін, бір сағаттан кем уақытта кір жуу үшін ұсынылады. (кірдің жартысына қарай)

1. **Қуат** түймесін басыңыз.
2. Кір жуу бағдарламасын таңдаңыз.
3. **Turbo Wash (Турбо жуу)** түймесін басыңыз.
4. **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.

Полоскание (Шаю) (🚿)

Бұл опцияның санын **Полоскание +** түймесін басу арқылы таңдай аласыз. Бұл опция еріткіштерге аллергиясы бар адамдар үшін ұсынылады.

Полоскание + (Шаю+) (🚿+)

Бұл опция бір шаю циклін қосу үшін пайдаланылады.

Предв. стирка (Алдын ала жуу) (🧺)

Бұл опция қатты ластанған кірді жуу барысында ұсынылады.

1. **Қуат** түймесін басыңыз.
2. Кір жуу бағдарламасын таңдаңыз.
3. **Предв. стирка (Алдын ала жуу)** түймесін басыңыз.
4. **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.

Интенсивная (Қарқынды) (👕)

Қалыпты және қатты ластанған кірді жуу үшін осы опцияны пайдалануға болады.

1. **Қуат** түймесін басыңыз.
2. Кір жуу бағдарламасын таңдаңыз.
3. **Интенсивная (Қарқынды)** түймесін басыңыз.
4. **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.

Таймер (Соңын кідірту) (🕒)

Көрсетілген уақыт аралығынан кейін құрылғыны автоматты түрде іске қосып, аяқтайтындай етіп, осы функцияны орната аласыз.

1. **Қуат** түймесін басыңыз.
2. Кір жуу бағдарламасын таңдаңыз.
3. Қажетті уақытты орнату үшін **Таймер (Соңын кідірту)** түймесін басыңыз.
4. **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Кідірту уақыты бағдарламаның басталуындағы емес, аяқталуындағы уақыт. Нақты жұмыс істеу уақыты су температурасына, жуу жүктемесіне және басқа факторларға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Функциядан бас тарту үшін **Қуат** түймесі басылуы қажет.
- Бұл функцияға сұйық жуғыш затты пайдаланбаңыз.

Wi-Fi (📶)

WLAN қосылған кезде, басқару панеліндегі **Wi-Fi** белгішесі жанады.

Добавить белье (Киім қосу) (👕+)

Жуу бағдарламасы басталған соң, кірді қосу немесе шығару үшін осы опцияны пайдалануға болады.

1 Жарық диоды қосулы кезде, **Добавить белье (Киім қосу)** түймесін басыңыз.

2 Есікті өзі құлпынан ашылғаннан кейін ашыңыз.

3 Киімді қосыңыз немесе алып тастаңыз.

4 Есікті жабыңыз және **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қауіпсіздік мақсатында барабан ішіндегі су деңгейі немесе температура жоғары кезде, есік құлыптаулы болады. Бұл уақытта кір қосу мүмкін емес.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Киім қосқан кезде, оны барабанға толығымен итеріңіз. Егер киім есік ысырмасының ұясына жиналып қалса, резеңке қаптама зақымдалуы мүмкін. Бұл судың ағуына және дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.
- Есікті күшпен ашу бөлшегінің зақымдалуына, бұзылуына немесе қауіпсіздік мәселелеріне әкелуі мүмкін.
- Егер көбігі және суы көп барабанның есігін ашсаңыз, көбік немесе су ағып кетуі мүмкін. Бұл күйіп кетуіне немесе еденнің ылғалдануына алып келуі мүмкін.

Температура

Кір жуу температурасын таңдау үшін қолданылады. Қалаған параметр жанғанша осы түймені басыңыз. Салқын су барлық шаю түрлері үшін пайдаланылады.

- Жуылатын киім түріне сәйкес келетін су температурасын таңдаңыз. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін киім матасына күтім жасау жапсырмасының нұсқауларын орындаңыз.

Отжим (Айналдыру) (🌀)

Айналдыру жылдамдығының деңгейі **Отжим** түймесін қайталап басу арқылы таңдалады.

1 **Қуат** түймесін басыңыз.

2 Кір жуу бағдарламасын таңдаңыз.

3 Айналдыру жылдамдығын таңдау үшін **Отжим (Айналдыру)** түймесін басыңыз.

4 **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Режимі таңдалмайды.** таңдаған кезде, жылдам ағызу үшін қысқа уақыт айналып тұрады.
- **TurboWash 59 (Турбожуу 59)** бағдарламасы үшін сығусыз режимі таңдалмайды.

Сушка (🌬) (модельге байланысты)

Кептіру уақытын минуттармен орнату үшін, қажетті уақыт таңдалып алынғанға дейін **Сушка** батырмасын басыңыз.

- Су құбырының суық суды ағызатын краны қосылған болуы керек.
- Кептіру циклі кезіндегі машинаның тоқтауы сәтінде желдеткіш моторы біраздаған уақыт бойы жұмысын жалғастыра береді. Экранда символдар көрсетіледі *CF*. Суытуды аяқтаған соң машина өз жұмысын тоқтатады.
- Кептірудің соңғы 6 минуты ішінде датчик кір кептіру шарттарын анықтайды. Егерде кептіру деңгейі жеткіліксіз болса, өңдеу циклі 10 минутқа ұлғайтылады, бұл ретте дисплейде "6" минут деп көрсетіледі.
- Кептіру циклі аяқталғасын ұзақтығы 4 сағатқа дейін созылатын кірді суыту процесі басталады. Экранда символдар көрсетіледі *Cd*. Бағдарламаны мәжбүрлі түрде аяқтау үшін **Бастау/Кідірту** басыңыз.

Звуковой сигнал вкл/выкл (Дыбыстық сигналды қосу/өшіру) (🔕)

- "Балалардан бұғаттау" батырма комбинациясын 3 секунд бойы басып тұрыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Осы функция орнатылғаннан кейін, қуат өшірілгеннен кейін де параметр жадта сақталады.

- Дыбыстық сигнал берушіні өшіргіңіз келсе, осы процесті қайта орындауға болады.
- Сенсорлы басқару элементтері бар модельдер үшін опция **Отжим (Айналдыру)** түймесін 3 секунд ұстап тұру арқылы іске қосылады.

Блокировка от детей (Бала құлпы) (🔒)

Басқару құралдарын ажырату үшін осы функцияны пайдаланыңыз. Бұл функция балалардың циклдерді өзгертуін немесе құрылғыны іске қосуын болдырмайды.

Басқару панелін құлыптау

1 "Балалардан бұғаттау" батырма комбинациясын 3 секунд бойы басып тұрыңыз

2 Дыбыстық сигнал шығады және дисплейде LL белгішесі пайда болады.

Бұл функция орнатылса, **Қуат** түймесінен басқа барлық түймелер құлыпталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Қуатты өшіру бұл функцияны қайта орнатпайды. Кез келген басқа функцияларға өту алдында осы функцияны өшіруіңіз керек.

Басқару панелін құлыптан босату

- "Балалардан бұғаттау" батырма комбинациясын 3 секунд бойы басып тұрыңыз
- Дыбыстық белгі бергіш бұғаттаудың алынып тасталынуын растайды.

LG ThinQ қолданбасы

LG ThinQ қолданбасы смартфон арқылы жуу машинасы байланысуға мүмкіндік береді.

LG ThinQ қолданбасының функциялары

Кір жуғыш машина циклі
Удаленный старт (Қашықтан іске қосу),
Моя программа (Жүктеу циклі)

Кез келген қажетті циклді орнатып немесе жүктеп алып, қашықтан басқару құралымен жұмыс істеңіз.

Науа тазалау нұсқаушысы

Бұл функция Tub Clean (Барабанды тазалау) функциясын орындауға дейін қанша цикл қалғанын көрсетеді.

Қуатты бақылау

Бұл функция соңғы қолданылған циклдер мен айлық орташа энергия тұтынуын тексереді.

Smart Diagnosis

Бұл функция пайдалану шартының негізінде жабдықта диагностика жасау үшін және мәселелерді шешу үшін пайдалы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Параметрлер

Құрылғы мен қолданбада әртүрлі опцияларды орнатуға мүмкіндік береді.

Push ескертуі

Цикл аяқталғанда немесе құрылғыда проблемалар болғанда, смартфонға push-хабарландыруларын алу мүмкіндігіңіз болады. **LG ThinQ** қолданбасы өшірулі болса да хабарландырулар іске қосылады.

ЕСКЕРТПЕ


- Сымсыз роутерді, Интернет провайдерін немесе құпия сөзді өзгертсеңіз, LG ThinQ қолданбасынан тіркелген құрылғыны жойып, оны қайтадан тіркеңіз.
- Құрылғыны жетілдіру мақсатында қолданба пайдаланушыларға ескертілместен өзгертілуі мүмкін.
- Ерекшеліктері үлгісіне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

LG ThinQ қолданбасын пайдалану алдында


1 Құрылғы мен сымсыз бағдарлауыш арасындағы қашықтықты (Wi-Fi желісін) тексеріңіз.

- Жабдық пен сымсыз роутер арасы тым алыс болса, сигнал беру деңгейі әлсірейді. Тіркеуге көп уақыт кетуі мүмкін немесе жабдық орнатылмауы мүмкін.

2 Смартфоныңыздағы **Мобильді деректер** немесе **Ұялы деректер** функциясын өшіріңіз.



3 Смартфоныңызды сымсыз роутерге қосыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Wi-Fi байланысын тексеру үшін, басқару панеліндегі белгішесінің жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғы 2,4 ГГц Wi-Fi желілерімен ғана жұмыс істейді. Желінің жиілігін анықтау үшін интернет қызметінің провайдеріне хабарласыңыз немесе сымсыз роутердің нұсқаулығын қараңыз.
- **LG ThinQ** олданбасы желілік байланысқа немесе желілік байланысқа қатысты қандай да бір ақаулыққа, олқылықтарға немесе қателіктерге жауапты емес.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер құрылғыны Wi-Fi желілеріне қосуда қандай да бір қиындықтар туындаса, ол көп жағдайда роутерге байланысты емес. Wi-Fi сигналының қуатын жақсарту үшін, Wi-Fi репитерін (диапазон кеңейткіші) сатып алыңыз.
- Үйдегі желі ортасына байланысты Wi-Fi байланысы қосылмауы мүмкін немесе ажырап кетуі мүмкін.
- Айналадағы сымсыз орта сымсыз желі қызметін баяулатуы мүмкін.
- Сымсыз сигналды тарату жүйесіндегі ақаулыққа байланысты, жабдықты тіркеу мүмкін емес. Жабдықты электр жүйесінен ажыратып, әрекетті қайталамас бұрын бір минуттай күтіңіз.
- Сымсыз роутердегі брандмауэр қосулы болса, оны өшіріңіз немесе оны ерекше жағдай ретінде қосыңыз.
- Сымсыз желінің атауы (SSID) ағылшын әріптері мен сандардан тұруы қажет. (Ерекше таңбаларды қолданбаңыз)
- Смартфонның пайдаланушы интерфейсі (UI) телефонның операциялық жүйесіне (OS) және өндірушіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Егер роутердің қауіпсіздік протоколы WEP күйіне орнатылған болса, желіні орната алмауыңыз мүмкін. Оны басқа қауіпсіздік протоколдарына өзгертіңіз (WPA2 ұсынылады) және өнімді қайтадан тіркеңіз.

LG ThinQ қолданбасын орнату

LG ThinQ қолданбасын смартфонда Google Play Store немесе Apple App Store қызметінен іздеңіз. Қолданбаны жүктеу және орнату үшін нұсқауларды орындаңыз.

Құрылғыны қашықтан пайдалану

Удаленный старт (Қашықтан іске қосу)

Жабдықты қашықтан басқару үшін смартфонды пайдаланыңыз. Цикл жұмысын да бақылауға болады, сол арқылы циклде қанша уақыт қалғанын біле аласыз.

Осы функцияны пайдалану

1. Киімді барабанға салып, жуғыш құралды жуғыш құрал мөлшерлеуіш тартпасына қосыңыз.
   - Егер қаласаңыз, ағартқышты немесе материал жұмсартқышты мөлшерлеу тартпасының сәйкес аймақтарына қосыңыз.
2. **Питание (Қуат)** түймесін басыңыз.
3. Қашықтан басқару функциясын қосу үшін **Удаленный старт (Қашықтан іске қосу)** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
4. Смартфоныңыздағы **LG ThinQ** қолданбасынан циклді іске қосыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Осы функция қосылғаннан кейін, циклді смартфондағы **LG ThinQ** қолданбасынан ғана бастай аласыз. Цикл іске қосылмаса, ол қолданбамен қашықтан өшірілгенше немесе осы функция өшірілгенше құрылғы циклдің іске қосылуын күтеді.
- Егер есік ашылса, циклді қашықтан бастай алмайсыз.

Осы функцияны қолмен өшіру

Бұл функция іске қосылғанда, **Удаленный старт (Қашықтан іске қосу)**түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.

Моя программа (Жүктеу циклі)

Құрылғыдағы негізгі циклдарға кірмейтін жаңа және арнайы циклдерді жүктеңіз.

Сәтті тіркелген құрылғылар құрылғыға әр түрлі арнайы циклдерді жүктей алады.

Құрылғыда циклді жүктеу аяқталғаннан кейін өнім жаңа цикл жүктелгенше жүктелген циклді сақтайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Құрылғыда бір уақытта тек бір жүктеп алынған циклді сақтауға болады.

Сымсыз LAN модулінің техникалық сипаттамалары

Моделі	LCW-004
Жиілік ауқымы	2412 - 2472 МГц
Шығыс қуаты (Макс.)	IEEE 802.11b : 17,82 дбмвт
	IEEE 802.11g : 17,72 дбмвт
	IEEE 802.11n : 16,61 дбмвт

Сымсыз функцияның S/W нұсқасы: V 1.0

Пайдаланушы бұл құрылғының денеден кем дегенде 20 см қашықтықта орнатылып, пайдаланылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал ескертуі туралы ақпарат

Осы өнімдегі GPL, LGPL, MPL және басқа да бастапқы коды ашық лицензиялардағы бастапқы кодты алу үшін http://opensource.lge.com веб-торабына өтіңіз.

Бастапқы кодқа қоса, барлық қажетті лицензиялардың шарттарын, кепілдік міндеттерінен бас тарту құжаттарын және авторлық құқық туралы мәліметтерін алуға болады.

LG Electronics компаниясы сізге CD-ROM дискісінде ашық бастапқы кодты беру шығындарын жабатын төлем арқылы (мысалы, тасығыш, жеткізу және өңдеу құны) opensource@lge.com мекенжайына электрондық поштамен сұрау жіберу арқылы беріледі. Бұл ұсыныс осы өнімді соңғы рет жібергеннен кейін үш жыл ішінде жарамды болады. Бұл ұсыныс осы ақпаратты алған әр тұлға үшін жарамды болады.

Smart Diagnosis

Бұл мүмкіндік тек немесе логотипі бар үлгілерде қолжетімді.

Бұл мүмкіндікті құрылғыдағы мәселелерді диагностикалау және шешуде көмектесуі үшін пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл мүмкіндік алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін және қайда орналасқаныңызға байланысты басқа түрде болуы мүмкін.

LG ThinQ қолданбасын мәселелерді диагностикалау үшін пайдалану

Wi-Fi жабдықталған құрылғыңызда мәселе орын алса, ол **LG ThinQ** қолданбасын пайдаланып ақаулықтарды жою туралы деректерді смартфонға тасымалдай алады.

- **LG ThinQ** қолданбасын іске қосып, мәзірде **Smart Diagnosis** мүмкіндігін таңдаңыз. **LG ThinQ** қолданбасында қамтамасыз етілетін нұсқауларды орындаңыз.

Мәселелерді диагностикалау үшін естілетін диагностикалауды пайдалану


Дыбыстық диагностикалау әдісін пайдалану үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- **LG ThinQ** қолданбасын іске қосып, мәзірде **Smart Diagnosis** мүмкіндігін таңдаңыз. **LG ThinQ** қолданбасында қамтамасыз етілетін естілетін диагностика үшін нұсқауларды орындаңыз.

1 Құрылғыны іске қосу үшін **Қуат** түймесін басыңыз.

- Қандай да бір басқа түймелерді баспаңыз.

2 Смартфонның микрофонын немесе логотипіне жақын қойыңыз.



3 Смартфонның микрофонын логотипке деректердің тасымалдануы аяқталғанда ұстап тұрып, **Температура** түймесін 3 немесе одан көп секунд басып тұрыңыз.

- Деректердің тасымалдануы аяқталмайынша смартфонды ұстап тұрыңыз. Деректерді тасымалдауға арналған қалған уақыт көрсетіледі.

4 Деректерді тасымалдау аяқталғаннан кейін диагноз қолданбада көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін дыбыстарды жіберу кезінде смартфонды жылжытпаңыз.


⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Электр ток соғу қаупін болдырмау мақсатында, тазалау алдында құрылғыны ажыратыңыз. Бұл ескертулерді орындамау нәтижесінде елеулі жарақаттану, өрт шығу, электр ток соғуы немесе өлім орын алуы мүмкін.
- Улы химикаттарды, абразивті тазалау құралдарын немесе ерітінділерді құрылғыны тазалау үшін мүлде пайдаланбаңыз. Олар сыртқы жабынды зақымдауы мүмкін.

Әр жуудан кейін тазалау

Жуудан кейінгі күтім

- Жуу циклі аяқталғаннан кейін ылғалды кетіру үшін есігін және есік тығыздағыштарын сүртіңіз.
- Барабанды кептіру үшін есікті сәл ашық қалдырыңыз.
- Ылғалды кетіру үшін құрылғыны құрғақ шүберекпен сүртіңіз.



Сыртын тазалау

Құрылғыға дұрыс күтім жасау қызмет көрсету мерзімін арттырады.

Есік

Іші мен сыртын ылғал шүберекпен жуып, жұмсақ шүберекпен кептіріңіз.

Сырты

Төгілген сұйықтықты дереу сүртіңіз. Ылғал шүберекпен сүртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ:

• Машинаны этил спиртімен, еріткіштермен, құрамында хлор бар заттармен және соған ұқсас басқа заттармен сүртуге болмайды.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Қандай да бір панельдерді бөлмеңіз немесе құрылғыны бөлшектемеңіз. Құрылғыны басқару мақсатында басқару панеліне ешқандай үшкір заттарды қолданбаңыз.

Ішін тазалау

- Саңылауының айналасы мен есік шынысын сүрту үшін сүлгі не жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз.
- Цикл аяқталған сәтте заттарды құрылғыдан міндетті үрде алып тастаңыз. Ылғал заттарды құрылғыда қалдыру мыжылуға, түстердің тасымалдануына және исітенуге әкеледі.

Құрылғыны жүйелі түрде тазалау

Очистка барабана (Науа тазалау)

Бұл функция құрылғының ішкі жағын тазалау үшін пайдаланылады.

Жоғары су деңгейі жоғары айналдыру жылдамдығымен осы бағдарламада пайдаланылады. Бұл функцияны жуғыш құралдың және басқа қалдықтарды кетіру үшін айына бір рет (немесе қажет болғанда жиірек) іске қосыңыз.

1 Құрылғыдан барлық киімдерді немесе бұйымдарды алып тастап, есікті жабыңыз.

2 Мөлшерлеуіш тартпасын ашып, негізгі жуу бөліміне қақтың түзілуіне қарсы ұнтақ қосыңыз.
- Барабанның ішіне таблеткаларды салыңыз

3 Мөлшерлеуіш тартпасын ақырын жабыңыз.

4 Қуатты қосып, содан кейін **Очистка барабана (Науа тазалау)** опциясын таңдаңыз
- tcL дисплейде пайда болады.

5 Бастау үшін **Бастау/Кідірту т**үймесін басыңыз.

6 Бағдарлама аяқталғаннан кейін, есігінің саңылауын, төсемін және есіктің әйнегін кептіру үшін ашық күйде қалдырыңыз.

ЕСКЕРТУ


- Егер балалар бақылауда болса, құрылғының ішкі жағын кептіру үшін ескіті ашық күйде қалдырыңыз.

Су қабылдау сүзгісін тазалау


Су қабылдау сүзгісі құрылғыға берілетін суда болуы мүмкін қақтар мен кез келген кішкене заттарды жинайды.

Егер су өте қатты немесе құрамында қақтардың қалдықтары бар болса, су қабылдау құралындағы сүзгі кептелген болуы мүмкін.

1 Су кранын өшіріп, су келтіру шлангісін босатыңыз.



2 Сүзгіні орташа қылшақты тіс шөткемен тазалаңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер құрылғы ұзақ уақытқа (мысалы, демалыстар) қалдырылса, әсіресе жақын жерде еденнің ағызатын саңылауы (ор) болмаса, құрылғыға су беру крандарын өшіріңіз.
- IE рітінді тартпасына су кірмеген жағдайда ыбасқару панелінде көрсетіледі.


Сусіңгіш сорғы сүзгісін тазалау

Су ағызу сүзгісі киімдерде қалған жіптер мен кіші заттарды жинайды. Кір жуу машинасының бір тегіс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін сүзгінің таза екендігін жиі тексеріп отырыңыз.


Су ағызу сорғысының сүзгісін тазаламас бұрын, судың салқындауына мүмкіндік беріңіз. Төтенше жағдайда есікті ашыңыз немесе шұғыл эвакуацияны орындаңыз.

1 Жабдықты электр жүйесінен ажыратыңыз.

2 Қақпақты ашып, шлангіні тартыңыз.



3 Ағызу тығынын ❶ босатып, суды ағызыңыз. Суды ағызу және кішкентай заттарды шығару үшін ағызу сорғысының сүзгісін ❷ ақырын босатыңыз.



4 Су ағызу сорғысының сүзгісін тазалаған соң, су ағызу сорғысының сүзгісін шығарып алып, ағызу тығынын салыңыз.

5 Қақпақты жабыңыз.


⚠ ЕСКЕРТУ

- Ағызу кезінде мұқият болыңыз, себебі су ыстық болуы мүмкін.
- Кір жуу құралының және басқа қалдықтарды алып тастау үшін Барабан тазалау бағдарламасын айына бір рет (немесе қажет болса, жиірек) жүргізіңіз.

Мөлшерлеуіш тартпасын тазалау

Кір жуу құралы мен мата жұмсартқышы мөлшерлеуі тартпасында жиналуы мүмкін. Кір жуу құралы мен кір жуу құралындағы компоненттерді алып тастап, жиналған жуғыш құралдарды немесе жұмсартқыштарды айына бір не екі рет тексеріңіз.

1 Тартпа тоқтағанша тікелей тура тарту арқылы жуғыш құралды мөлшерлеуіш тартпасын шығарыңыз.
- Ажырату түймесі басылғанша тартпаны алып тастаңыз.



2 Жуғыш құрал мен жұмсартқыштың түзілуін кетіріңіз.
- Тартпаны және тартпа компоненттерін жуғыш құрал мен жұмсартқыштың түзілуін кетіру үшін жылы сумен шайыңыз. Мөлшерлеуіш тартпаны тазалау үшін тек суды пайдаланыңыз. Тартпаны және тартпа компоненттерін жұмсақ матамен немесе сүлгімен құрғатыңыз.

3 Тартпа саңылауын тазалау үшін шүберекті немесе кішкентай, металдан жасалмаған қылшақты пайдаланыңыз.
- Ойықтың жоғарғы және төменгі бөліктерінен қалдықтарды алып тастаңыз.

4 Ойықтағы ылғалды жұмсақ шүберек не сүлгімен сүртіңіз.

5 Тартпа компоненттерін бөлімдеріне сәйкес қайта орнатып, тарпаны енгізіңіз.

Қыс мезгілінде қату туралы сақтық шарасы

- Қатып қалғанда өнім қалыпты түрде жұмыс істемейді. Өнімді қыста қатып қалмайтын жерге орнатыңыз.


  Өнімді үйден сыртқа не сыртқы жағдайларда орнату керек болғанда төмендегілерді тексеріңіз.

Өнімді қатудан қалай сақтауға боладыя

- Жуғаннан кейін қалған суды шығарып тастау үшін пайдаланылатын саңылау шланг тығынымен барабанда қалған суды толықтай шығарып тастаңыз. Су толық шығарып тасталғанда қалған суды шығарып тастау және қақпақ үшін пайдаланылатын шланг тығынын жабыңыз.




- Шлангінің ішіндегі суды толық шығару үшін ағызу шлангісін төмен қарай салбыратыңыз.



⚠ ВНИМАНИЕ!

- Ағызу шлангісі қисық орнатылғанда ішкі шланг қатып қалуы мүмкін.
- Кранды жапқаннан кейін салқын беру шлангісін краннан ажыратып, шлангіні төмен қаратып,суды ағызыңыз.



Қатқан жерлерді тексеру

- Қалған суды шығарып тастау үшін пайдаланылатын шланг тығынын ашқанда су ақпаса, ағызу құралын тексеріңіз.



ЕСКЕРТПЕ

- Шаю кезінде кір жуу құралы тартпасына су келетінін және айналдыру кезінде ағызу шлангісі арқылы су ағатынын тексеріңіз.

Қатып қалғанда не істеу керек

- Барабанды босатыңыз, барабан ішіне резеңке бөлігіне дейін 50–60 °C дәрежедегі жылы су құйыңыз, есікті жауып, 1–2 сағат күтіңіз.




Суды толық шығарып тастау үшін қақпақ пен қалған суды шығарып тастауға арналған шланг тығынын ашыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Су ақпаса, бұл мұздың толық ерімегендігін білдіреді. Тағы күте тұрыңыз.
- Су барабаннан толық шығарып тасталғанда қалған суды шығарып тастауға арналған шланг тығынын жабыңыз, содан соң жуу бағдарламасын таңдап, **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.



- Шаю кезінде кір жуу құралы тартпасына су келетінін және айналдыру кезінде ағызу шлангісі арқылы су ағатынын тексеріңіз
- Су жеткізуде ақаулық пайда болса, төмендегішараларды орындаңыз:
  - Кранды өшіріңіз, ыстық суға батырылған сумен кранды және өнімнің қабылдау шлангісінің қосылым аймақтарын ерітіңіз.
  - Қабылдау шлангісін шығарып алып, 50–60 °C температурасынан төмен жылы суға салыңыз.



Құрылғыңызды қолдану барысында қателер мен істен шығу жәйттарына әкеледі. Келесі кестелерде қате немесе істен шығу туралы хабардың шешімін табу үшін ықтимал себептер және ескертпелер қамтылған. LG Electronics қызмет көрсету орталығына қоңырау шалуға жұмсайтын уақытыңыз бен ақшаңызды үнемдеу үшін, төменде берілген кестелерді мұқият оқып шыққаныңыз дұрыс болады.

Қызмет көрсетуге шақырмастан бұрын

Құрылғыңыз мәселелерді алғашқы кезеңінде анықтау және диагностикалау үшін автоматтандырылған қатені бақылау жүйесімен жабдықталған. Егер құрылғы дұрыс жұмыс істемесе немесе мүлде қызмет атқармаса, LG Electronics қызмет көрсету орталығына қоңырау шалу алдында келесі кестелерді тексеріңіз.

Қате хабарлары

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
IE **КІРІС ҚАТЕЛІГІ**	**Су аталмыш жерде тиянақты түрде жеткізілмейді. Су құрылғыға ақпайды немесе баяу ағады.** • Үйдегі басқа кранды пайдаланыңыз.
	Су жеткізу шүмегі толық ашылмаған. Су құрылғыға ақпайды немесе баяу ағады. • Кранды толық ашыңыз.
	Су беру шлангі(лері) бүгілген. • Шлангты түзетіңіз немесе су келтіру шлангісін қайта орнатыңыз
	Беру шлангісінің(лерінің) сүзгісі бітелген. • Су келтіру шлангісінің сүзгісін тексеріңіз және тазалаңыз.
	Егер су беру шлангісінде су ақса, индикатор қызыл түспен жанады. • Судың ағуынан қорғалған су беру шлангісін ауыстырыңыз.
OE **СУ ШЫҒЫСЫНЫҢ ҚАТЕЛІГІ**	**Ағызу шлангісі бүгілген немесе бітелген. Құрылғыдағы су ақпайды немесе баяу ағады.** • Ағызу шлангісін тазалап, туралаңыз.
	Ағызу сүзгісі бітелген. • Су ағызу сүзгісін тексеріңіз және тазалаңыз.
UE **ТЕПЕ-ТЕҢДІК БҰЗЫЛУ ҚАТЕЛІГІ**	**Құрылғыда құрылғының тепе-теңсіздігін анықтайтын және түзететін жүйе бар.** • Құрылғыдағы су ақпайды немесе баяу ағады. Есікті жабыңыз және **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз. Құрылғы айналуды бастағанша, бірнеше минут өтуі мүмкін. Айналуға қол жеткізілгенге дейін есік құлыпталған болу қажет.
	Жүк тым аз. Егер бір ауыр бұйым (мысалы, ванна кілемшесі, ванна халаты т.б.) салынса, бұл жүйе айналдыруды немесе айналдыру циклін тоқтатуы мүмкін. • Жүктің тепе-теңдігін сақтау үшін 1 немесе 2 ұқсас бұйымдарды, не кірдің кіші бұйымдарын қосыңыз. Есікті жабыңыз және **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз. Құрылғы айналуды бастағанша, бірнеше минут өтуі мүмкін. Айналуға қол жеткізілгенге дейін есік құлыпталған болу қажет.

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
dE dE1 dE2 dE4 **ЕСІК ҚАТЕЛІКТЕРІ**	**Есік датчигінің істен шығуы.** • LG Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Жергілікті LG Қызмет көрсету орталығының телефон нөмірін Кепілдік түбіртегінен таба аласыз.
tE **СУ ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ ДАТЧИГІНДЕ АҚАУЛЫК**	**Температура датчигі ақаулы.** • Ашаны ажыратып, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
LE **МОТОРДЫ ҚҰЛЫПТАУ ҚАТЕЛІГІ**	**Мотор артық жүктелген** • Мотор суығанша құрылғыны 30 минут кідіртіп, содан кейін циклді қайта бастаңыз
FE **ШАМАДАН ТЫС ҚАТЕЛІГІ**	**Су клапанының ақаулығы себебінен су толып кетеді.** • Су шүмегін жабыңыз. • Ашаны ажыратыңыз. • Қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
PE **СУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ДАТЧИГІ ҚАТЕСІ**	**Су деңгейі датчигінің істен шығуы.** • Су шүмегін жабыңыз. • Ашаны ажыратыңыз. • Қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
oS **ҚЫСЫМ ДАТЧИГІНІҢ ҚАТЕЛІГІ**	**Діріл датчигінің істен шығуы.** • Қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
FF **МҰЗДАТЫЛУ ҚАТЕЛІГІ**	**Қуат беру / ағызу шлангісі немесе ағызу сорғысы қатып қалған ба?** • Ағызу шлангісі мен ағызу сорғысын жылыту мақсатында, барабанға жылы су жіберіңіз. Су беру шлангісін ылғал және жылы сүлгімен жабыңыз.
AE **СУДЫҢ АҒУЫ**	**Су ағуы.** • Қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
PF **ҚУАТ ҚАТЕЛІГІ**	**Құрылғы электр қуатының бұзылуына ұшырады.** • Циклді қайта іске қосыңыз.
dHE **КЕПТІРУ ҚАТЕЛІГІ**	**Сушіння не відбувається** • Зверніться до служби підтримки.

Сіз естуіңіз мүмкін шулар

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Даңғырлаған және дүрілдеген шуыл	**Кілттер, тиындар немесе қауіпсіздік істіктері сияқты бөгде нысандар барабанда немесе сорғыда болуы мүмкін.** • Құрылғыны тоқтатып, барабандағы бөгде заттарды тексеріңіз. Құрылғы қайта басталған соң шу жалғасатын болса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Соғылу дыбысы	**Ауыр жуу жүгі соғылу дыбыстарын шығаруы мүмкін. Бұл әдетте қалыпты жағдай болып табылады.** • Егер дыбыстар жалғасса, құрылғы тепе-теңдігі дұрыс болмауы мүмкін. Тоқтатыңыз және жуылатын жүкті қайта үлестіріңіз.
	Жуылатын жүк тепе-тең үлестірілмеген болуы мүмкін. • Циклді кідірту режиміне орнатып, есік құлпы ашылған соң жүкті қайта үлестіріңіз.
Дірілдеу шуы	**Қаптама материалдар алынбаған.** • Қаптама материалдарын алып тастаңыз.
	Жуылатын жүк барабанда тегіс үлестірілмеген болуы мүмкін. • Циклді кідірту режиміне орнатып, есік құлпы ашылған соң жүкті қайта үлестіріңіз.
	Барлық туралау аяқтары берік орнатылмаған және еденде тегіс емес. • Құрылғыны тегіс орнату үшін **Құрылғының деңгейін туралау** бөлімін қараңыз.
	Еден жеткілікті берік емес. • Еденнің ісінбегінен және иілмеуін тексеріңіз. Дұрыс орынды таңдау үшін **Орнату орнына қойылатын талаптар** бөлімін қараңыз.

Пайдалану

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Су ағып жатыр.	**Ағызу түтіктері бітелген болуы мүмкін.** • Ағызу түтіктерін босатыңыз. Қажет болса, су құбыршысына хабарласыңыз.
	Ағызу шлангілерін қате орнату немесе ағызу шлангілерінің тығылуы себебінен су ағуы. • Су ағызу шлангісін тазалаңыз және түзетіңіз. Су ағызу сүзгісін жүйелі түрде тексеріңіз және тазалаңыз.
Құрылғы іске қосылмайды.	**Басқару панелі әрекетсіздікке байланысты өшірілген.** • Бұл қалыпты жағдай. Құрылғыны іске қосу үшін **Қуат** түймесін басыңыз.
	Құрылғы розеткадан ажыратылған. • Қуат сымы жұмыс істейтін розеткаға берік тығылғанын тексеріңіз.
	Су беру көзі өшірілген. • Су жеткізу шүмегін толық қосыңыз.

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Құрылғы іске қосылмайды.	**Басқару құралдары дұрыс орнатылмаған.** • Цикл дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. Есікті жабыңыз және **Бастау/Кідірту**түймесін басыңыз.
	Есік ашық. • Есікті жауып, есіктің астында оның толық жабылуына кедергі болатын заттардың болмауын тексеріңіз.
	Автоматты тоқтатқыш/сақтандырғыш өшірілген/тесілген. • Үйдегі автоматты тоқтатқышты/сақтандырғышты тексеріңіз. Сақтандарғыштарлы қай орналастырыңыз немесе тоқтатқышты қайта орнатыңыз. Құрылғы арнайы тармақты жүйелі тоқтатқышта болуы керек.
	Басқару құралын қайта орнату қажет. • **Қуат** түймесін басыңыз, сонан соң қажетті бағдарламаны қайта таңдаңыз және **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.
	Пуск/Пауза түймесі цикл орнатылған соң басылмаған. • **Қуат** түймесін басыңыз, сонан соң қажетті бағдарламаны қайта таңдаңыз және **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.**Бастау/Кідірту** түймесі 15 минут ішінде басылмаса, құрылғы өшіріледі.
	Өте төмен су қысымы. • Тұрмыстық су қысымы нақты болуына көз жеткізу үшін үйдегі басқа кранды тексеріңіз.
	Құрылғы суды қыздырады немесе буландырады. • Температураны орнату үшін су қауіпсіз қызғанша, барабан арнайы циклдар барысында жұмыс істеуін уақтыша тоқтатуы мүмкін.
Түймелер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.	**Құрылғы іске қосылған соң есік қауіпсіздік себептеріне байланысты ашылмайды.** • Дисплейде dL көрінуін тексеріңіз. Қажет болса, **Door Lock** функциясын ажыратыңыз.
Есік ашылмайды.	**Құрылғы іске қосылған соң есік қауіпсіздік себептеріне байланысты ашылмайды.** • Дисплейде ⊘ көрінуін тексеріңіз. Қажет болса, ⊘ функциясын ажыратыңыз.
Құрылғы дұрыс толтырылмайды.	**Сүзгі кептелген.** • Толтыру клапандарында су келтіру сүзгілері кептелмегенін тексеріңіз.
	Су келтіру шлангілері бүгілген. • Су келтіру шлангілері бүгілмегенін немесе кептелмегенін тексеріңіз.
	Судың жеткілікті берілмеуі. • Ыстық және суық су крандары барлық уақытта қосулы болуы керек.
	Ыстық және суық су ағызу шлангілері кері жабылған. • Су ағызу шлангілерінің қосылымдарын тексеріңіз.
Құрылғыдан су ақпайды.	**Су ағызу шлангісі бүгілген.** • Су ағызу шлангісі бүгілмегенін тексеріңіз.

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
	Ағызатын саңылау еденнен 1,2 м биігірек орналастырылған. • Ағызу шлангісі құрылғының төменгі жағынан 1,2 м биік болмауын қадағалаңыз.
Жуғыш құрал толық салынбаған немесе мүлде салынбаған.	**Жуғыш құрал мөлшерден артық пайдаланылған.** • Жуғыш құрылының өндірушісі ұсынған нұсқауларды орындаңыз.
Цикл уақыты әдеттегіден ұзағырақ.	**Жүк тым аз.** • Құрылғыға жүкті теңдестіруіне мүмкіндік беру үшін қосымша заттар қосыңыз.
	Ауыр заттар жеңіл заттармен араласады. • Құрылғыға айналдыру үшін жүк салмағын тегіс үлестіруге мүмкіндік беру мақсатында, салмағы бірдей заттарды жууға тырысыңыз.
	Жүк тепе-тең үлестірілмеген. • Егер заттар шатасып қалса жүкті қолмен қайта үлестіріңіз.
Ұзақтығы созылды	**Теңсіздік анықталды немесе көбікті кетурі бағдарламасы қосулы.** • Бұл қалыпты жағдай. Дисплейде көрсетілген қалған уақыты тек есептелген ұзақтық. Нақты уақыты өзгеше болуы мүмкін.

Өнімділік

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Аз дақтарды кетіру	**Алдыңғы қалған дақтар.** • Алдыңғы жуылған заттарда қалып қойған дақтары болуы мүмкін. Бұл дақтарды кетіру қиын және қолмен жууды қажет етуі немесе дақтарды кетіру үшін алдын ала күтім жасауды қажет етуі мүмкін.
Дақтар	**Ағартқыштың немесе жұмсартқыштың тым көп салынуы.** • Мөлшерлеуіш тартпа толып кеткен. Ағартқыштың немесе жұмсартқыштың тез таралуы. Толып кетуді болдырмау үшін ағартқышты немесе жұмсартқышты міндетті түрде өлшеңіз. • Мөлшерлеуіш тартпасын ақырын жабыңыз.
	Ағартқыш немесе жұмсартқыш барабандағы жуылатын жүкке тікелей салынған. • Кір өнімдері циклдің дұрыс уақытына сәйкес дұрыс салынғанын қамтамасыз ету үшін міндетті түрде тартпаларды пайдаланыңыз.
	Киімдер дұрыс сұрыпталмаған. • Түссізденуді болдырмау үшін міндетті тұрде қою түсті киімдерді ақ пен ашық түсті киімдерден бөлек жуыңыз. • Қатты ластанған бұйымдарды жеңіл ластанған бұымдармен жууға болмайды.
Қыртыстану	**Құрылғы дұрыс жүктелмейді.** • Цикл аяқталған сәтте заттарды құрылғыдан міндетті түрде алып тастаңыз.
	Құрылғы шамадан артық жүктелген. • Құрылғыны толық жүктеуге болады, бірақ барабан бұйымдармен қатты толтырылмауы керек. Құрылғы есігі оңай жабылуы керек.

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
	Ыстық және суық су келтіру шлангілері кері жабылған. • Ыстық сумен шаю киімдерді қыртыстайды. Су келтіру шлангілерінің қосылымдарын тексеріңіз.
Құрылғыдан көгерген немесе шіріген иіс шығад	**Барабан іші дұрыс тазаланбаған.** • **Очистка барабана (Науа тазалау)** функциясын жүйелі түрде орындаңыз.
Құрылғыдан көгерген немесе шіріген иіс шығад	**Су ағызу шлангісі судың кері ағуына себеп болып (судың құрылғы ішіне кері ағуы) дұрыс орнатылмаған.** • Су ағызу шлангісін орнату кезінде, оның бүктелмегенін немесе кептелмегенін тексеріңіз.
	Жуғыш құрал мөлшерлеуіш тартпасы жүйелі түрде тазартылмайды. • Жуғыш құрал мөлшерлеуіш тартпасын, әсіресе ашылатын тартпаның жоғарғы және төменгі жағын тазалаңыз.
	Егер су ағызу шлангісі дұрыс орнатылмаса, су кері аққанда (судың құрылғы ішіне кері ағуы) иіс шығуы мүмкін. • Су ағызу шлангісін орнату кезінде, оның бүктелмегенін немесе кептелмегенін тексеріңіз.
	Жуғыш құрал мөлшерлеуіш тартпасы үнемі тазаланып тұрмаса, иістер зеңнен немесе басқа заттардан шығуы мүмкін. • Жуғыш құрал мөлшерлеуіш тартпасын, әсіресе ашылатын тартпаның жоғарғы және төменгі жағын тазалаңыз.
Кептіру ақауы	**Су беру кранын тексеріңіз.** • Артық жүктемеңіз. Жүктен тиісті суды шығарып тастау үшін кір жуу машинасы тиісті түрде суды ағызатынын тексеріңіз. Киімдер жүгі тиісті түрде аудару үшін тым аз. Бірнеше сүлгілер қосыңыз. • Тексеріңіз, шүмектің басы ашық болуы тиіс.

Кептіру

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Кептіру ақауы	**Су беру кранын тексеріңіз.** • Артық жүктемеңіз. Жүктен тиісті суды шығарып тастау үшін кір жуу машинасы тиісті түрде суды ағызатынын тексеріңіз. Киімдер жүгі тиісті түрде аудару үшін тым аз болса, бірнеше сүлгілер қосыңыз. • Су беру кранын өшіріңіз.
Кептіру өнімділігі тым төмен немесе нашар.	**Су тиісті түрде қамтамасыз етілмейді. Кептіру кезінде барабандағы түк сүзгісін автоматты тазалау үшін су пайдаланылады.** • Сумен қамту шүмегі ашық екенін тексеріңіз.

Кептіру

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Кептіру өнімділігі тым төмен немесе нашар.	**Су тиісті түрде төгілмейді.** • Төгу сүзгісі бітеліп қалмағанын тексеріңіз.
	Құрылғы шамадан артық жүктелген. • Таңдалған цикл үшін жүктеу мүмкіндігін тексеріңіз. Қажет болса, таймермен кептіру циклын қосыңыз.
	Айналу жылдамдығы тым төмен. • Жуу циклы үшін рұқсат етілген ең жоғары айналу жылдамдығын таңдаңыз.
Кептіру уақыты тым ұзақ.	**Қоршаған ортаның температурасы төмен.** • Температура рұқсатты ауқымда екенін тексеріңіз.
Ыстық ауа құрылғының артқы жағынан шығады.	**Бұл құрылғы кірді кептіру үшін жылы ауаны жасайды.** • Бұл жылы кірді кептіреді және ауа құрылғының артқы жағынан шығады.

Wi-Fi

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Тұрмыстық жабдығыңыз бен смартфоныңыз Wi-Fi желісіне қосылмаған.	**Wi-Fi желісіне қосылу үшін пайдаланып жатқан құпиясөзіңіз дұрыс емес.** • Смартфоныңызға қосылған Wi-Fi желісін тауып, жойыңыз да, құрылғыңызды **LG SmartThinQ** арқылы тіркеңіз.
	Смартфоныңыздың мобильді деректері қосулы. • Смартфонның Мобильді деректер функциясын өшіріп, құрылғыны Wi-Fi желісі арқылы тіркеңіз.
	Сымсыз желі атауы (SSID) қате орнатылды. • Сымсыз желінің атауы (SSID) ағылшын әріптері мен сандардан тұруы қажет. (Ерекше таңбаларды қолданбаңыз). (Ерекше таңбаларды қолданбаңыз).
	Роутердің жиілігі 2,4 ГГц емес. • Жиілігі 2,4 ГГц болатын роутерге ғана қолдау көрсетіледі. Сымсыз роутер жиілігін 2,4 ГГц мәніне орнатып, жабдықты сымсыз роутерге қосыңыз. Роутер жиілігін тексеру үшін, интернет қызметтік провайдеріне немесе роутер өндірушісіне хабарласыңыз.
	Жабдық пен роутердің арасы тым алыс. • Жабдық пен роутердің арасы тым алыс болса, сигнал әлсіз болып, байланыс дұрыс конфигурацияланбауы мүмкін. Роутерді жабдыққа жақын орналатырыңыз.

БҰЛ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК КЕЛЕСІЛЕРДІ ҚАМТЫМАЙДЫ:

- Қызмет өнімді жеткізу, таңдау, орнату не жөндеуге арналған қызмет сапарлары; өнімді пайдалану туралы тұтынушы нұсқауы; сақтандырғыштарды жөндеу не ауыстыру немесе сымдары не құбырларды түзету немесе рұқсат етілмеген жөндеулерді/орнатуды түзету.
- Қуат жеткізу ақаулықтары мен кедергілері немесе тиянақсыз электр қызметі барысында орындаудағы өнімнің ақаулығы.
- Зақымдалуға су ағатын не сынған су құбырлары, қатып қалған су құбырлары, шектелген ағызу желілері, тиянақсыз немесе тоқтатылған су жеткізу немесе тиянақсыз ау жеткізу жүйелері себеп болды.
- Өнімді коррозиялық белсенді атмосферада немесе өнімнің пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген нұсқаулардан өзгеше пайдалану себебінен келген зақым.
- Апаттық жағдайлар, зиянкестер, найзағай, жел, өрт, су тасқыны немесе күтпеген апаттар арқылы өнімге келтірілген зақым.
- Рұқсатсыз өзгеріс енгізу немесе көрсетілгеннен басқа мақсаттарда пайдалану себебінен пайда болған зақым немесе өнім дұрыс пайдаланылмағанда су ағуы.
- Қате электр тоғы, кернеуі не құбырлар туралы реттеулер, коммерциялық не өндірісте пайдалану немесе аксессуарларды, құрамдастарды не LG тарапынан мақұлданбаған тұтынылатын тазалау өнімдерін пайдалану себебінен пайда болған зақым.
- Сызаттар, шұңқырлар, кертіктер сияқты тасымалдау және өңдеу арқылы жеткізілген зақым және/не материалдарда немесе жасалу кезінде жеткізілген зақымдардан басқа, өнімнің қабырғаларындағы басқа зақымдар.
- Кез келген дисплейге, ашық терезеге келтірілген зақым, есепке алынбаған немесе жылтыратып өңделмеген өнім.
- Түпнұсқа сериялық нөмірлері жойылған, өзгертілген немесе дереу анықталмаған өнімдер. Кепілдікті тексеру үшін түпнұсқа бөлшек сауда түбіртегімен бірге, моделі мен сериялық нөмірлері қажет.
- Қуат шығындары мен қосымша коммуналды шығындарды арттырады.
- Өнім қалыпты және әдеттегі тұрмыстық жағдайлардан басқа мақсаттарда немесе өнім пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген нұсқаулар сәйкессіз пайдаланылғанда жөндейді.
- Өнім рұқсат етілмеген орында орнатылса немесе LG пайдаланушы және орнату нұсқаулығын қоса, жарияланған орнату нұсқауларына сәйкес орнатылмаса, өнімді шығару және қайта орнату.
- Қате пайдалану, қате орнату, жөндеу немесе техникалық қызмет көрсетуден жеткізілген зақым. Қате жөндеуге LG компаниясы тарапынан мақұлданбаған не көрсетілмеген бөлшектерді пайдалану кіреді.


БҰЛ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК КЕЛЕСІЛЕРДІ ҚАМТЫМАЙДЫ

Тасымалдау бұрандаларын не науа тірегін алып тастамаудан пайда болған әдеттен тыс дірілдеу немесе шу.




Тасымалдау бұрандалары мен науа тірегін алып тастау.

Төсемде және есік шынысындағы кір (түк, мамық) себебінен ағу.




Төсем мен есік шынысын тазалаңыз.

Төсептің ақаулығына байланысты ағып кету. Киім есіктің шынысы мен төсептің арасында кептеліп қалғандықтан төсепте ақау пайда болды.




Төсепті орнатыңыз.

Сорғы сүзгінің тығылуы себебінен ақпай қалу.




Сорғы сүзгісін тазалаңыз.

Су келмей тұр, себебі су қабылдайтын клапан сүзгілері бітелген немесе су беру шлангілері бүгілген..



Қабылдау клапаны сүзгісін тазалаңыз немесе су беру шлангілерін қайта орнатыңыз.

Су келмей тұр, себебі тым көп кір жуу құралы пайдаланылған.



Кір жуу құралының мөлшерлеуіш тартпасын тазалаңыз.


Кір жуу аяқталғаннан кейін жуылған киімдер ыстық немесе жылы болады, себебі беру шлангілері қарсы орнатылған.



Беру шлангілерін қайта орнатыңыз.


БҰЛ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК КЕЛЕСІЛЕРДІ ҚАМТЫМАЙДЫ

Су берілмеген, себебі су шүмегі іске қосылмаған.




Су шүмегін іске қосыңыз.

Ағызу шлангілерін қате орнату немесе ағызу шлангілерінің тығылуы себебінен су ағуы.




Ағызу шлангісін қайта орнатыңыз.

Су беру шлангісін қате орнату немесе басқа брендтегі беру шлангілерін пайдалану себебінен болған су ағу.




Беру шлангісін қайта орнатыңыз.

Қуат сымының ажырауы немесе розетка ақаулығы себебінен қуаттың жеткізілмеу мәселесі.




Қуат сымын қайта жалғаңыз немесе электр шығысын өзгертіңіз.

Өнімді жеткізуге, алуға, орнатуға немесе өнімді пайдалану нұсқаулығына арналған қызмет көрсету сапарлары. Өнімді алып, қайта орнату.




Кепілдік тек өндірудегі ақауларды қамтиды. Қате орнату себебінен қызмет көрсету қамтылмаған.

Барлық бұрандалар дұрыс орнатылмаса, артық дірілдеуге себеп болуы мүмкін (бастапқы модель ғана).



Әр бұрышқа 4 бұранда орнатыңыз (жалпы 16EA).

Кір жуу машинасы суға толғанда гидравликалық соққы шуы естіледі.



Үйдегі су клапанын немесе су шүмегін төмен қарай бұру арқылы су қысымын реттеңіз.

Еске салу

Еске салу

Еске салу

(IPX4)

Өндірілген күні құралдың жағында орналасқан жапсырмада көрсетіледі.

Күннің форматы: аа/жжжж

Құрылғыларымыздың сертификатталуы, сертификат нөмірі және оның жарамдылығы туралы ақпарат алу үшін жабдықтың есігінің артында, барабанның үстінде көрсетілген тегін нөмірлер арқылы LG тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз.